



БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше мемлекеттердің бейресми саммиті аясында Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесу өткізді.

Тараптар Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестіктің түрлі аспектісін талқылады. Мемлекеттер басшылары екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына көңілдері толатынын айтты. Сондай-ақ білім беру, цифрландыру, энергетика және басқа да

салалардағы ықпалдастықты нығайту қажеттігін атап өтті.

— Білім беру саласындағы келісім өте маңызды. МФТИ және Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті сияқты Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарында мамандар даярлауға ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Владимир Путин Қазақстан Президентін келесі жылдың басында Ресейге сапармен келуге шақырды.

САНКТ-ПЕТЕРБОРДАҒЫ БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер басшыларының дәстүрлі бейресми кездесуіне Қазақстан Президентімен қатар Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Салыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын барысында ТМД-ға мүше мемлекеттердің басшылары 2021 жылғы ықпалдастықты қорытындылап, алдағы кезеңдегі өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайту және дамыту, сондай-ақ экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру жөніндегі ортақ жоспарды талқылады.

Мемлекеттер басшылары өзара сауда-саттықты жандандыру шараларын қарастырып, халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты, сондай-ақ пандемияның салдарын еңсеру және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды талқылады.

Қазақстан Президенті биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселенің кездесуде қарастырылғаны үшін Ресей тарапына ризашылығын білдіріп, осы саладағы ынтымақтастық туралы тиісті келісімге ҰҚШҰ аясында қол қойылғанын еске салды.

Мемлекет басшысы пандемия кезінде көмек көрсеткені үшін Ресей Президенті Владимир Путинге алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ұйымға келесі жылғы төрағалығы барысында Қазақстан ТМД аясындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екенін айтты.

Жасампаз жылдар жылнамасы

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы тарихи өлшеммен алып қарағанда қас қағым уақыт. Ал азаттығына күні кеше ғана қол жеткізіп, ел болып, еңсе тіктеудің жолына түскен ел үшін 30 жылдың әр жылы, әр күні маңызды шешуші мәнге ие. Егемендіктің елен-алаңында Президент Жарлығымен әр жылды өзінше айшықтау да мемлекеттің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне өз ізін қалдырды.

аясында ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. 1995 жылдың 9 тамызында Алматыдағы Республика сарайында Абайдың 150 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатты шараға 25 елдің Мемлекет басшысы мен Премьер-Министрі қатысты. ЮНЕСКО-ның Ұйытқы болуымен Абай тойы Қазақстаннан бөлек, әлемнің 25 елінде аталып өтті. Араға ширек ғасыр салып еліміз ұлы ойшылдың 175 жылдық мерейтойын да өз денгейінде атап өтті.

Абай жылынан кейін 1996 жылы жарияланған Жамбыл Жабаевтың жылы да елдің руханияты мен өдебиетін айшықтаумен ерекшеленді. XX ғасыр Гомердің 150 жылдығына орай Жамбыл мұражайы мен

мавзолейі жаңғырып, ауылындағы мәдениет үйі мен мектеп құрылысы жүргізілді. Жамбыл Жабаев жылы қарсаңында Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түркия сияқты бауырлас елдер де Жамбыл күндерін атап өтті.

Биыл да бұл игі дәстүр өз жалғасын тауып, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Мерейтойға орай Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасымен «Қазығұрт» баспасынан Жамбыл Жабаевтың 10 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар бұл еңбекті жамбылтанудағы жана бағыт деп бағалады.

(Жалғасы 6-бетте)



ЕЛБАСЫ ВЛАДИМИР ПУТИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесуде тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі аса өзекті мәселелер бойынша пікір алысты.

Елбасы Ресей Федерациясының Президентіне ТМД-ға мүше мемлекеттер көшбасшыларының бейресми саммитіне Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің Құрметті төрағасы ретінде қатысуға шақырғаны үшін ризашылығын білдірді.

— Құрметті төраға ретінде бүгін бейресми кездесуге қатысамын. Мен 1991 жылғы желтоқсанда Алматыда ТМД-ның құрылу сәтіне куә болғандардың бірімін. Бұл тарихи оқиғаның қалай болғанын жақсы білемін, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті, сондай-ақ Еуразия экономикалық одағын одан әрі

дамытудың маңыздылығына тоқталып, бұл интеграциялық бірлестіктің тиімді әрі өзекті екенін айтты.

— Еуразия экономикалық одағы толық құрылды, оған көпшілік көз жеткізіп отыр. Пандемияға қарамастан тек Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымының көлемі 24 миллиардты құрайды. Бұл бұған дейінгі жылдарда болып көрмеген рекорд. Біздің міндетіміз — Еуразия экономикалық одағын дамыта түсу, қауымдастырылған мүшелер мен байқаушыларды қабылдау. Жаңа мүшелерге мұның сәтіне куә болғандардың бірімін. Бұл тарихи оқиғаның қалай болғанын жақсы білемін, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Владимир Путин Қазақстан

Тұңғыш Президентінің Еуразия экономикалық одағын құруға және Еуразия құрлығында экономикалық интеграцияны одан әрі дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

— Қазір пандемияға байланысты жағдай өте күрделеніп, бүкіл дүниежүзінде өндіріс төмендеген тұста біздің өзіндік бірге жасаған механизмдеріміз бен құралдарымыз тиімді жұмыс істеп тұр. Қазақстанмен қарым-қатынасымызға тоқталғанда 2020 жылы пандемия ең күшейген кезеңде де экономикамыздың қатты құлдырауына жол бермегенімізді айтсақ жеткілікті. Ал биылғы жылдың алғашқы тоғыз айында өсу көрсеткіші 30 пайыздан асты. Әрине, бұл Қазақстанның қазіргі басшылығымен біздің бірлескен жұмысымыздың маңызды нәтижесі, — деді Ресей Федерациясының Президенті.

Мемлекет көшбасшыларының бейресми саммиті



Қазақстанның Тұңғыш Президенті ТМД-ға мүше мемлекеттер көшбасшыларының бейресми кездесуіне қатысты.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруымен ТМД-ға мүше мемлекеттер көшбасшыларының бейресми кездесуіне қатысты. Саммит барысында өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, сонымен қатар коронавирус пандемиясына қарсы шаралар мен осы бағыттағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Жаңа жыл жарылқай ма?

«Ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа» деп отыратын қазақ әр жаңа күннен, әр жаңа айдан, әр жаңа жылдан жақсылық күткен. Сондықтан келер жылдан көп несібе күтіп, жорамал жасау бізге жат емес. Осыны ескеріп, экономика, саясат жағынан алдағы жылға болжам жасап көрдік. Елдің сенімінде бар құмалақшыларды да назардан тыс қалдырмадық. Сонымен, 2022 жылдан не күтеміз? Жақсылығымыз мол бола ма, әлде кейбір келеңсіз жағдайға кезіге береміз бе?



ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖАЛҒАСА БЕРЕТІНДЕЙ Алдымен елдің экономикалық жағдайына тоқталайық. Биыл жұртшылық қаржыға қатысты мә-

селелерге жиі тап болды. Теңге бағамы құлдырай берді. Ең қиыны — 2021 жылы көптеген саланы қымбатшылық жайлады. Азық-түліктен бастап құрылыс заттары,

дәрі-дәрмек құны көтерілді. Экономист Асылбек Күздеубаев алдағы жылдың да оңай болмайтынын айтып отыр.

— 2022 жылдың алғашқы тоқсанында валютаны аса құнсыздана қоймайды. Дегенмен бірінші тоқсаннан кейін АҚШ долларына да, рубльге де шаққанда теңге бағамы құнсызданады. Себебі қазір Украина мен Ресейдің жанжалдасып отырғанын білеміз, жағдай ұшықты. Осы саяси дүрбелеңдердің негізінде Еуроодақ пен АҚШ көршімізге түрлі саладағы санкцияларын күшейтеді. Бірінші рубль құнсызданады, соның теріс әсері сөзсіз теңгеге де ықпал етпек, — дейді ол.

(Жалғасы 5-бетте)



## «Jas Otan» 118 ерекше баланың тілегін орындады

Елордада «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты, «Biz Birgemiz жалпыұлттық қозғалысы мен «Хан Шатыр» сауда орталығы іске қосқан Агман Ағашу акциясы сәтті аяқталды. Акция бірінші жыл өткізіліп отырған жоқ. Биыл ұйымдастырушылар «Нұрлы жүрек» КММ-дегі ерекше қажеттілігі бар 118 баланың тілегін орындады.

Акцияның басты мақсаты – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ауыр сырқаты мен мүгедектігі бар балаларға Жаңа жыл мерекесі алдында көңіл күй сыйлау және олардың тілектерін орындау.

«Біз үшін Агман Ағашу – бұл Жаңа жыл қарсаңында өткізілетін ерекше акция. Биыл біздің әріптестеріміздің, «Nur Otan» партиясының мүше-

лері мен елорда тұрғындарының көмегімен 118 баланың тілегі орындалды. Көбінесе балалар үстел ойындарын, қуыршақтарды, машиналарды, конструкторларды, роботтарды сұрайды. Бүгін осы сыйлықтардың барлығы мерекелік ертеңгілікте тарту етілді», – деді «Jas Otan» ЖК төрағасының орынбасары Асылжан Бүркіталиев.

Акция бір ай бұрын бастау алды. Жасотандықтар балалардың тілектерін жинап, конверттерге салып, «Хан Шатыр» сауда орталығындағы «Тілектер ағашына» жапырақтардың орнына ілді. Іс-шара соңында ертегі кейіпкерлеріне енген аниматорлар балаларға сыйлықтар табыс етті.

М.ХАҚНАЗАР

## Жас батыр сыйлықсыз қалмады

Жаңа жыл қарсаңында ерлік жасаған азаматтар да құрметсіз қалып жатқан жоқ. Қостанайда отқа оранған үйден 4 баланы аман алып шығып, құтқарып қалған Олег Пирогқа кәсіпкерлер көлік сыйлады.

Атқамінерлер Мемлекет басшысының үндеуін қолдап, Олег Пирогқа отандық Chevrolet Nexia автокөлігінің кілтін табыстады. Айтулы істі Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов хабарлады.

«Өз кезегінде мен жас батырымыз Олегке ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғысхатын табыстадым. Сондай-ақ оған Төтенше жағдайлар министрлігінің атынан «Өрт кезінде көрсеткен



қайсарлығы үшін» медалі табысталды. Ал Олегтің анасы Валентина ҚР ТЖМ алғысхатымен марапатталды», – деді облыс әкімі.

Анар ҚОНЫС

## Жұлдыздар аллеясы жаңа есімдермен толықты

Жаңа жыл қарсаңында «Қазақфильм» киностудиясы аумағында 2011 жылы ашылған жұлдыздар аллеясы жаңа есімдермен толықты. Оған қоса, отандық кинематографияның дамуына үлес қосқан танымал тұлғаларға арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы өтті.

Қазақ кино жұлдыздарының аллеясына 13 жаңа есім қосылды, олардың арасында Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов, казак киносының ардагері, дыбыс операторы Қалдыр Қосай, актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Меруерт Өтекешева бар. Ал ескерткіш жұлдыздар өмірден өткен әртістер мен еңбек сіңірген қайраткерлерді еске алу үшін жасалған.

«Өкінішке қарай, казак киносының негізін қалаушы-



лардың көбі арамызда жоқ. Оларды еске алып, ұмытпауымыз керек. Баршаныңды осы айтулы оқиғамен құттықтаймын, бәріңізге зор денсаулық тілеймін», – деді Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов.

Салтанатты шара кезінде «Қазақфильм» киностудиясының

президенті Ақан Сатаев Сатыбалды Нарымбетовтің ұлдарына Франциядағы кинофестиваль аясында берілген «Отандық кинематографияның дамуына үлес қосқаны үшін» сыйлығын табыстады.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

## Мерекелік отшашу болмайды

Алматыда Жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік отшашу болмайды. Бұл туралы қалалық әкімдік хабарлады.



«Алматыда коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу жөніндегі қалалық штабтың хабарлауына, COVID-19 бойынша эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына байланысты әрі адамдар көп шоғырланған орындарда азаматтардың жұқтыру жағдайларының алдын алу мақсатында Алматыда 31 желтоқсанда мерекелік отшашу жоспарланбайды», – делінген әкімдік таратқан ақпаратта.

25 желтоқсаннан қаңтар айының соңына дейін мегаполисте 60-тан астам түрлі іс-шара өтеді. Оның ішінде балаларға арналған ертеңгіліктер, театр қойылымдары, концерттер бар.

Жаңа жылға арналған мәдени іс-шаралардың бағдарламасымен Алматы қалалық Мәдениет басқармасының Instagram парақшасынан танысуға болады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

## Жыл жеңімпаздары – 2021

Санаулы күндерден соң барыс жылына аяқ басамыз. Сынаққа толы болса да, сиыр жылы бағындырған белестеріміз бен жеткен жетістіктеріміз аз болған жоқ. Енді, міне кейінге шегініс жасап, 2021 жылды қорытындылайтын кез келді. Осы орайда биыл әлемдік додаларда ел мерейін асқақтатқан жыл жеңімпаздарының үздік ондығын назарларыңызға ұсынбақпыз.

Абылайхан ЖҰМАШ

Иманбек ЗЕЙКЕНОВ.

Белгілі қазақстандық диджей 2019 жылы Saint JHN-тің Roses әніне ремикс жазып, аз уақыттың ішінде әлемге танылды. Иманбектің нәтижелі жұмысы америкалық рэпердің туындысын жаңаша түрлендіріп, тыңдарманның жүрегің жаулап алды. YouTube-та миллиондаған қаралым жинап, U.S. Billboard Hot 100 рейтингінің бестігіне енді. 2020 жылы мамырда британ хит-шеруінде бірінші орынды ешкімге берген жоқ. Содан кейін Effective records атты ресейлік дыбыс жазатын компаниямен серіктестік орнатып, Roses әнін орындаған танымал әншімен ремиксті ресми түрде шығаруға келісті. 2021 жылы наурызда Иманбек қазақстандықтардың арасында алғаш болып «Грэмми» сыйлығын жеңіп алды. 63 Grammy сыйлығын марапаттау рәсімі Лос-Анджелесте өтті. Бұл марапат музыка саласында жылдың ең басты жүлдесі саналады.

Иманбек Зейкенов бүгінде Marshmello, Usher, Rita Ora, David Guetta және тағы да басқа әйгілі музыканттармен бірге өн жазып, шығармашылығын шырдауда.

Рухия БАЙДУКЕНОВА.

Дарынды жас әнші Беларусь Республикасының Витебск қала-



сында өткен «Славянский базар» байқауын жеңіп, ел мерейін асқақтатты. Әлемнің 14 елінен келген әншілер арасында Қазақстан атынан сынға түскен Рухия Байдуkenова бас жүлдегер атанса, бірінші орынды – Сербия, екінші орынды – Украина, үшінші орынды Словакия мен Әзербайжан елінің өнерпаздары алды. Елімізге олжалы оралған қазақстандық әнші «Алтын лира» және 20 мың доллар көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды.

Сәкен БИБОСЫНОВ.

Сәкен үшін биылғы жыл табысты өтті. Токио Олимпиадасында керемет өнерімен көзге түскен былғары қолғап шебері төртжылдықтың басты додасында қола жүдені жеңіп алды. Бірнеше айдан кейін Түркістан өңірінің тумасы Белградта өткен әлем чемпионатында топ жарды. Биыл Altyn

Sam ау – 2021 спорттық байқауының «Жазғы спорт түрлері бойынша үздік спортшы» (ерлер арасында) аталымына боксшы Бибосынов лайық деп танылды.

Давид ДЕГТЯРЕВ.

Токиодағы Паралимпиада ойындарында Қазақстан командасының қоржынына алғашқы алтын медальді Давид Дегтярев салды. Осылайша, ол пауэрлифтингтен ерлер арасында 54 келіге дейінгі салмақта сынға түсіп, Паралимпиада чемпионы болды. Спортшы 174 келіні көтеріп, қарсыластарын басып озды.

Осы жылы Тбилиси қаласында өткен парапауэрлифтингтен ерлер арасындағы әлем чемпионатында да 54 келіге дейінгі салмақта сынға түсіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Қазақстандық спортшы бұл жолы 178 келі салмақты көтеріп, Токио-

дағы көрсеткішін жанартты. Әлемдік додаға 68 мемлекеттен 400-ден астам спортшы қатысты.

Софья БЕРУЛЬЦЕВА.

Софья Altyn Sam ау – 2021 сайысында «Жазғы спорт түрлері бойынша үздік спортшы» (әйелдер арасында) номинациясын иеленді. Токиодағы қаратәші жарыстың жартылай финалына шығып, Олимпиаданың қола жүлдесін еншілегенің көпшілік ұмытпа қойған жоқ. Екі айдан соң Софья қаратәден Қазақстан біріншілігінде өнер көрсетіп, турнирдің алтын медалін жеңіп алды. 2021 жылғы әлем чемпионатында да Берульцева 68 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде әлем біріншілігінің қола медалін мойнына тақты.

Жәнібек ӘЛІМХАНҰЛЫ.

Сиыр жылы Жәнібек Әлімханұлы үшін жеңісті, жемісті жылдар-

дың бірі болды. Қазақстандық боксшы бұрынғы әлем чемпионы француз Хассан Н'Дам Н'Жикамлы мерзімінен бұрын жеңіп, WBO Global тұжырымы бойынша орта салмақтағы чемпиондық титулын қорғап қалды. 10 раундтық жекпе-жек Лас-Вегаста Теренс Кроуфорд пен Шон Портердің андеркартында өтіп, сегізінші раундта аяқталды. 28 жастағы былғары қолғап шебері кәсіпқой бокста 11 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жеткенін де айта кетейік.

Төлепберген БАЙСАҚАЛОВ.

Қазақстандық актердің еңбегі Сочи кинофестивалінде жоғары бағаланды. Актер әлемдік деңгейдегі марапатын 2021 жылғы X Russian British Sochi International Film Festival & Awards мерейтойлық фестивалінде «От» фильмінде сомдаған ролі үшін алды. Сонымен қатар «От» фильмі Лос-Анджелестегі Asian World Film Festival негізгі бағдарламасында, 32-Сингапур кинофестивалінде де ұсынылды. Кейін танымал қазақстандық актер Asian World Film Festival кинофестивалінде режиссер аталған фильмдегі жұмысы үшін «Үздік ер адам ролі» жүлдесін иеленді. Айта кетейік, бұл фестиваль голливудтық және азиялық ойын-сауық индустриясы арасындағы байланысты нығайтады. Биыл байқауға 20-дан астам елде түсірілген 30 фильм қатысты.

Қазақстан футбол құрамасы.

Литвада өткен әлем чемпионатында жер жаһанды таңғалдырған футболдан Қазақстан ұлттық құрамасын жыл жеңімпаздарының қатарына қостық. Жартылай финалда әлем чемпиондары Португалия құрамасынан пенальти сериясында жеңілген құрамымыздың ойынын жанкүйерлер бас бармақпен бағалады.

Күні кеше Ұлттық олимпиада комитетінің ұйымдастырған байқауында «Жылдың үздік командасы» атағын Қазақстан футбол құрамасы

еншіледі. Биыл футболшылар әлем чемпионатының жартылай финалына шығып, төртінші орынға табан тіреген болатын. Соған қарап, Қазақстанда футболдан гөрі футболда көп ілгерілеу барын бағамдауға болады. Жанкүйерлер футболшыларымыздан келер жылы өтетін Еуропа чемпионатынан да жүлде күтеді.

Айта кетейік, Еуропа чемпионатының финалдык сатысы 2022 жылы 19 қаңтар мен 6 ақпан аралығында Нидерландының Амстердам және Гронинген қалаларында өтеді.

Динара СӘДУАҚАСОВА

Қазақстандық шахматшы, әйелдер арасында халықаралық гроссмейстер Динара Сәдуақасова Испанияда өткен әлем чемпионатының жеке сынында қола жүлдені жеңіп алды. Испаниядағы әлем чемпионатына әлемнің 12 елінен ең мықты әйелдер құрамасы қатысты. Чемпионатта Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова, Меруерт Камалиденова және Гүлмира Дәулетова секілді Қазақстан құрамасы шахмат тақтасында өнер көрсетті. Командалық есепте Қазақстан құрамасы үздік төрттікті қорытындылады.

Әмір ЗӘКІРОВ.

Қазақстандық биші Әмір Зәкіров Польшада өткен әлем чемпионатында 1-орын алды. Әлем чемпионаты әлемнің түкпір-түкпірінен келген мыңнан аса талантты бишілердің басын қосты. Олақтық сында 16 брейк-дэнсерлер қатарында өнер көрсетті. Бұл спорт түрі 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойындарының бағдарламасына енді.

Әмір, бұдан бөлек 2021 жылдың қыркүйегінде Бельгияда өткен JBL Unbreakable ірі халықаралық брейк-дэнс турнирінде де жеңіске жеткен. Финалда ол бельгиялық Майти Джиммен бак сынасты. Сондай-ақ Әмір ТНТ арнасындағы «Танцы» шоуының 3-маусымының қатысушысы, Қазақстан чемпионы және брейкстен республика құрамасының мүшесі, көптеген Ресей және Еуропа чемпионатында ел мерейін асқақтатты.

# Сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі штаб отырысы өтті

Үкіметте Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайыловтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі штабтың кезекті отырысы өтті, – деп хабарлады prime-minister.kz.

Талқыланған мәселелердің бірі белсенді экспорттаушылар санын көбейте отырып, экспортты жеделдету бағдарламасын жүзеге асыру туралы тармақ болды.

2020 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Орталық Азияда алғаш рет экспортты жеделдету бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарламаның бірінші кезеңіне Қытай нарығына бағытталған 35 азық-түлік компаниясы қатысты. Компаниялардың жартысынан көбі ШОБ өкілдері. Биыл іске қосылған бағдарлама-



ның екінші кезеңінде тамақ, химия, жеңіл өнеркәсіп және машина жасау салалары бойынша 101 кәсіпорын іріктелді.

2020-2021 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асыруды ескере отырып, бүгінде экспорттаушылар саны 410-нан (2020

жылы) 546-ға (2021) дейін өсті. Қазір бұл кәсіпорындардың экспорттық түсімдері шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемінің 80%-ға жуығын құрайды.

Барлық экспорттаушылардың 43%-ын тамақ өнеркәсібі (233), одан кейін химия (69) және ме-

таллургия өнеркәсібі (55) кәсіпорындары құрайды. 2019 жылдан бастап Сауда министрлігі ашық деректер порталында орналастырылған белсенді экспорттаушылардың тізілімін жүргізеді.

Премьер-Министрдің орынбасары тиісті мемлекеттік органдар мен өңірлерге экспорттаушыларды белсенді қолдауды жалғастыруды және 2022 жылға арналған экспортты жеделдету бағдарламасын іске асыру бойынша белгіленген нысаналы индикаторға 650 экспорттаушы компания деңгейінде қол жеткізуді тапсырды.

Естеріңізге сала кетейік, партияның биылғы жылға арналған сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі штаб аясында Премьер-Министрдің орынбасары Ә.Смайыловтың төрағалығымен 32 жиын өтті. 100 әлеуметтік маңызды және өзекті мәселе тыңдалды. Жол картасының 362 тармағының 201 тармағы орындалды.

# Кеңес дәрі-дәрмектің бағасын тәртіпке келтіруді ұсынды



**Отандық фармацевтика өнеркәсібін дамыту жайын «Nur Otan»-ның Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңесінің мүшелері талқылады.**

Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Бауыржан Байсеркин атап өткендей, егер 2010 жылы отандық өндірушілердің сатып алулар құрылымындағы үлесі небәрі 15% немесе 162 дәрілік құралдар мен медициналық бұйымдар атауы болса, биыл олардың үлесі 37%-ға немесе 663 атауға жеткен. Осылайша, партияның сайлауалды бағдарламаларын іске асыру жөніндегі Жол картасының 2021 жылға арналған тармақтарының бірі орындалды.

Алайда Өскеменнің №4 қалалық ауруханасының бас дәрігері Сергей Попов Денсаулық сақтау министрлігінің құжаттарындағы елеулі айырмашылықтарға назар аударды. Оның айтуынша, бірдей дәрі-дәрмектің бағалары бір-бірімен қайшы келеді.

«Мысалы, кәдімгі физіотерапияның бір флаконның бағасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы бойынша 67 теңге болса, ал министрліктің басқа бұйрығы

оны өндірушіге 241 теңгеге сатуына мүмкіндік береді. Біз тіпті отандық өндірістің осындай қарапайым дәрі-дәрмегінің өзін сатып ала алмаймыз. Тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне арналған тауарлардың ең төменгі бағасы бірқалыпты болуы керек», – деп атап өтті Сергей Попов.

Фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы өз жауабында келесі жылдың 10 қаңтарынан бастап дәрілерге арналған шекті бағаларды реттеу туралы жана бұйрық дайындалатынын айтты.

Кеңес мүшесі, Сенат депутаты Ақмарал Әлнұзарова өз кезегінде отандық өндірушілердің дәрі-дәрмекті клиникалық сынақтан өткізу шығындарын өтеу тегін әзірлеуді ұсынды. Оның пікірінше, бұл қазақстандық дәрілердің бәсекеге қабілеттілігін жақсартумен қатар, олардың нарықтағы құнын төмендетуге де мүмкіндік береді.

Кеңес қорытындысы бойынша уәкілетті органға айтылған ұсыныстардың барлығын бақылауға алу, сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар сатып алуға отандық фармкомпаниялардың үлесін арттыру жұмысын күшейту ұсынылды.

Би-Барыс КӨКШЕ

# Қалдықтар кәдеге жаратылып жатыр

«Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалының Өңірлік даму жөніндегі қоғамдық кеңесі бекітілген индикаторларға қол жеткізу, шетелдің қатысуымен қолға алынған инвестициялық жобаларды бағалау, инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау мәселелерін тұрақты қадағалап отырады.

Партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Илья Теренченко, кеңес төрағасы Динара Айтжанова, кеңес мүшелері, Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының өкілдері Павлодар қаласының АЭА-ға (арнайы экономикалық аймақ) барып, Kazsenospheres ЖШС жұмысымен танысты.

– Кәсіпорын көмірді жаққаннан кейін пайда болатын қалдықтардан бағалы материал өндіреді. Kazsenospheres табысты коммерциялық жоба ғана емес, сонымен қатар экологиялық жоба, – деп мәлімдеді кәсіпорын директоры Абай Қайыржанов.

Депутаттар мен кеңес мүшелерін инвесторлардың мемлекеттік органдармен арада орнатқан өзара іс-қимыл мәселелері қызықтырды. Инвесторларды мұнда қолайлы инвестициялық және серіктестік ахуал, шетелдік үшін берілетін елеулі преференциялар жиынтығы және зауыт салу мүмкіндігі қызықтырған. Өндірісті құрушы компания тегін жер алып, 2036 жылға дейін КТС-тан босату, нөлдік ККС және шетелден жабдықтар мен тауарларды бажсыз әкелу құқығын иеленді.



Мемлекеттік органдардың қолдауымен жобаның барлық қатысушысы мен инвесторларының күш-жігері оны қысқа мерзімде іске асыруға мүмкіндік берді. Коронавирус бойынша шектеулерге қарамастан, өндіріс құры-

лысы 1 жылға жетпей аяқталды. Жабдықтар Ресейден, Словениядан және Германиядан жабдықтар әкелінді, ал өндірістік циклді реттеуге ТМД елдерінің ғалымдары қатысты.

Б.КӨКШЕ

# 2021 ЖЫЛ: САНДАР СӨЙЛЕСІН...

Сонымен, сиыр жылы да соңына таяды. Енді санаулы күндерден кейін 2021 жылды шығарып салмақпыз. Қимас көңілмен өткенімізді бір түгендесек, ахуалдың нақты бейнесін цифрдан артық беретін ештеңе жоқ болар. Ендеше биылғы жыл несімен есте қалды? Сандарды сөйлетіп көрейік!..

Нұрлан ҚОСАЙ



Былыр 2 шілде күні бір күнде 18 757 адам тіркелген болса, биыл 23 шілдеде бір күнде 66 121 адам тіркелген. Ал вакцинация қарқынына келер болсақ, 2021 жылдың соңына дейін елімізде 17 400 137 вакцина дозасы салынған, яки 8 455 436 адам вакцина алған. Бұл барлық қазақстандықтың 45,3%-ы. Бұл тұста коронавирустан қайтыс болған науқастар саны былтырғыға қарағанда биыл көп болғанын атай кеткен абзал. Мәселен, қайтыс болған 18 161 адамның 2 291-і биыл 21 наурыз күні жан тапсырған. Бұл – еліміздегі ең жоғарғы көрсеткіш.

## 25 МЫҢ КІСІ КӨШПІ КЕТТІ

Елімізде биыл біржолата шетелге көшіп кеткендер саны 25 мың адамнан асып жығылып отыр. Олардың басым көпшілігі, яғни 87%-ы ТМД елдеріне барып тұрақтаған екен. Ал көшіп келгендер саны 8 мың адамға жуықтайды. Олардың дені (86%) Тәуелсіз мемлекеттер достастығынан қоныс аударған. Әйтсе де, бұл халықтың ішкі өсіміне әсер етіп отырған жоқ. Туу көрсеткішінің жоғары болуының арқасында былтырғы жылмен салыстырғанда халқымыздың саны 253,4 мың адамға артқан. Бұл – 1,3%-ға артық деген сөз. Ішкі миграцияға келер болсақ, биыл 0,6% өсім бар. Соның ішінде төрт өңір бойынша оң сальдо: Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары және Маңғыстау облысына көшіп келушілер саны көп.

## ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ – 8,7%

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) биылғы жылды 3,7-4% деңгейінде жабуы мүмкін. Мұндай оптимистік сценарий мұнай бағасының өсімімен байланысты болып отыр. 9 айдың қорытындысы бойынша, бұл көрсеткіш 3,4% болған. Ұлттық банктің хабарлауынша, әлемдік және ұлттық экономикалардың осындай тез қалпына келуі жалғасып жатқан фискалдық ынталандыру бағдарламалары мен жеңіл ақша-кредит талаптарының нәтижесінде мүмкін болған екен.

Қарулы Күштер қатарындағы әскеріміздің саны биыл 70 000 адамды құрады. Олардың жартысына жуығы қысқамерзімді әскери борышын өтеп жүргендер. Қазақстанның бір мезетте 180-220 мың адамды әскер қатарына шақыруға және ұстап тұруға мүмкіндігі бар. Пандемия жағдайына байланысты былтырдан бастап әскерлер саны қысқартылған екен. Ал әскери қуаты бойынша әлем елдері рейтингінде Қазақстан биыл 140 ел арасында 62-орында.

«Сонымен бірге бұл факторлар тұтынушылық сұраныстың қалпына келуіне және әлемдегі инфляциялық қысымның айтарлықтай өсуіне әсер етті. Жыл басынан бері бағаның өсуі тарихи ең жоғары көрсеткіштерді жанартып отыр. Әлемнің ірі экономикаларында инфляция 13 жылдық ең жоғары көрсеткіштерге жетті.

АҚШ-та 5,4%-ға дейін, Еуроодақта – 3,4%-ға дейін өсті» деп түсіндірді ҰБ басшысы.

Жылдық инфляция 8,7% деңгейіне тұрақтауы мүмкін. Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев әлемдік экономикада пандемияға негізделген сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі, шикізат пен азық-түлік тауарларына бағаның жоғары болуы нәтижесінде инфляцияның өсуімен қатар жылжымалы қалпына келуі жалғасып жатқанын айтады. Регулятордың бағалауы бойынша, сақталып отырған теңгерімсіздік пен үдеп келе жатқан инфляциялық күтулер себебінен 2022 жылы Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдерде инфляциялық қысым жоғары болып қалады.

«Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені шеңберінде жүйелі және алдын алу шараларын қабылдау инфляцияның тұрақтандыруға және 2022 жылы 4-6% нысаналы дәлізге енуге мүмкіндік береді», – дейді Е.Досаев. Естеріңізде болса, 2020 жылы инфляция 7,5%-ды құраған болатын.

## СЫРТҚЫ ҚАРЫЗ – \$166,7 МЛРД

Сыртқы қарыз өсіп келе жатыр. Бір жылда ол 13,6 млрд долларға көбейген. Ұлттық банктің мәліметіне сәйкес, бүгінде еліміздің шетке берешегі 166,7 млрд долларға жеткен. Ал 2020 жылы көрсеткіш 152 млрд доллар шамасында болған еді.

астам мемлекеті біздің елдің дамуына 330 млрд доллардан астам тікелей инвестиция құйды. Мұның жартысынан көбі Еуроодақ елдеріне, тағы бір қомақты бөлігі АҚШ-қа тиесілі. Соның ішінде соңғы 10 жылда елімізге 250 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартқанын ескерсек, орташа есеппен елімізге 20-25 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылады деп айтуға болады.

## АРМИЯДА 70 МЫҢ САРБАЗ

Қарулы Күштер қатарындағы әскеріміздің саны биыл 70 000 адамды құрады. Олардың жартысына жуығы қысқамерзімді әскери борышын өтеп жүргендер. Қазақстанның бір мезетте 180-220 мың адамды әскер қатарына шақыруға және ұстап тұруға мүмкіндігі бар. Пандемия жағдайына байланысты былтырдан бастап әскерлер саны қысқартылған екен. Ал әскери қуаты бойынша әлем елдері рейтингінде Қазақстан биыл 140 ел арасында 62-орында.

## АЛАЯҚТЫҚТЫҢ САНЫ АРТТЫ

Қылмыстық істер саны жыл басынан бері 173 980-ді құрап отыр. Оның ішінде 28 мыңнан астамы теріс қылмықтар болса, 145 мыңнан астамы түрлі дәрежедегі қылмыстар. Мәселен, 2 707 іс аса ауыр, 43 695 ауыр қылмыс бар. 174 мыңға жуық қылмыстық істің 150 мыңға жуығы биыл тіркелген екен. Қалғаны былтыр келген екен. Сонымен, кісі өлтіру дерегі – 704, адам зорлау – 706, адам ұрлау – 43, адам сату – 49, азаптау – 160, алаяқтық – 43 912, оның ішінде интернет алаяқтық – 21 355 және тағы басқалар.

Жол-көлік апаты өткен жылмен салыстырғанда биыл 11%-ға артқан. Осылайша, жыл басынан бері 10 мыңға жуық ЖКО болған екен. Ең көп оқиға Алматы қаласында тіркелген. Одан кейінгі орында Алматы және Жамбыл облыстары. Ең өкініштісі, 13 мыңнан астам адам зардап шегіп, 1,5 мың адам қаза тапқан. Олардың басым бөлігі, яки мыңнан астамы ер адамдар. Қаза болған адамдар пропорциясы ең көп оқиға тіркелетін өңірлермен сәйкес келеді. Жол апаттарының 90%-ында жүргізушілер кінәлі екен.

Енді осы борышты мемлекеттерге бөліп қарасақ, Қазақстан Нидерландқа – 44,3 млрд доллар, Британияға – 22,6 млрд, Америка Құрама Штаттарына 13 жарым млрд доллар берешек.

Инвестициялық тартымдылығы бойынша Қазақстан Орталық Азияда көш бастап тұр. 30 жылда әлемнің 120-дан



# ЕҢ...ЕҢ...ЕҢ...



## ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚАСІРЕТІ

26 тамыз күні кешкісін Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы № 28349 әскери бөлімі аумағында орналасқан оқ-дәрі сақталатын қоймада жарылыс болды. Ресми деректерге сай, төтенше оқиғалар салдарынан 17 адам қаза тауып, бір сарбаз әлі күнге табылмай жатыр. Оны іздеу жұмыстары бір сәтке де тоқтаған жоқ. Әскери бөлімнің түбіндегі Қайнар шағынауылында 17 үйде 90-ға тарта тұрғын мекендейді. Аудан көлемінде 118 үй бүлінген еді. Қазыраңғыр ауданының жақын қасына көмек ретінде республикалық бюджеттен 10 миллион, жергілікті бюджеттен 5


миллион тенге бөлінді. Екінші деңгейлі банктердегі несиесі кешірілді.

Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери бөлімдегі оқ-дәрі қоймасының жарылуы бүгін болып, ертең ұмытылар қорқынышты түс емес екенін жұртшылық та ұғынды. Арыстағы оқиғадан кейін қайталанып отырған бұл апат өзге өңірдегі ағайынның да үрейін еселей түскендей. Бұл оқиға төтенше жағдайлар қызметіне түбегейлі талдау жүргізіп, жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін ұқтырды. Байзақтағы апаттан кейін Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекебаев отставкаға кетті.

## ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЗДІК ФИЛЬМІ

«5:32» – шынайы оқиғалар негізінде түсірілген тұңғыш детектив сериал. Елімізде ХХ ғасырдың 90-жылдарында адам етін жейтін каскөйлер болған. Бірақ кейбір кейіпкерлер ойдан шығарылған. Жамбыл облысында Тараздан 60 шақырым жерде Жанатас пен Қаратау қалаларында түсірілген. «5:32» – Salem social media жобасы. Режиссері – Әлішер Утев. 12 сериядан тұратын сериал көрерменнің сүйіспеншілігіне ие болған туындылардың бірі. Атауының өзі ерекше, түсірілімі тобы оны Қу-

ран суресіне негіздеп алғанын айтады. Әзірге сериалдың 7 сериясы көрерменге ұсынылды. Ең алғашқы серияның YouTube желісіндегі қаралымы 7 миллионнан асты. Режиссер Әлішер Утевтің: «5:32» сериалын түсіретін кезде де «тақырыбы ауыр», «түсіру қиын, адамдар қарамайды» деп айтқандар көп болды. Бірақ мен ешкімді тыңдамаймын, бағытым бөлек. Өзіме не ұнайды, түйсігім қалай дейді, соны түсіремін» дегені бар. Осы тұрғыдан келгенде, режиссердің түйсігі алдамаған секілді.



## ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН СӘТСІЗДІГІ

Токио Олимпиадасы – еліміз үшін ең сәтсіз Олимпиадалардың біріне айналды. XXXII жазғы Олимпиада ойындары ел спортына жан-күйер болған қауымның көңілін біраз бәсендегіп жіберді. Бірде-бір спортшымыз жартылай финалдан аса алған жоқ. Баржоғы 8 қола медальге қол жеткізіп, рейтингте 83-орынға бір-ақ жетті. Тіпті, бұған Мемлекет басшысының өзі ерекше назар аударған. Президент: «8 қола медаль алып, жалпы командалық есепте 83-орынға табан тіреген Ұлттық құраманың бұл көрсеткіші Қазақстанның спорттағы әлеуетіне және мемлекет тарапынан спортты дамытуға бөлінген отырған мол қаражатқа сәйкес келмейді. Ұлттық құраманың Олимпиа-

дадағы көрсеткіші спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажет екенін көрсетті. Бұқаралық және балалар спортында дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Токио Олимпиадасынан сабақ алып, Парижде өтетін келесі ойындарда халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізу керек», – деген-ді.

Қалай десек те, Токио Олимпиадасы ел спортында шешімін табуы тиіс мәселелердің бар екенін көрсетті. Бұдан түйеніміз, келер Олимпиадаға дейін спортшыларымыз сақадай-сай болып баруы үшін жағдай жасалуы тиіс. Мұны Мемлекет басшысының өзі де қадап тапсырып отыр.



## ЖЫЛ ЕСІМІ

Құрмет Талапқазы – Түркістан облысының тұрғыны. Құрмет қуанышылықтан малы қырылып жатқан өңірлерге шөп жеткізу жұмысын ұйымдастырды. 24 жастағы жігіт алты вагон шөп пен жоншыққа дайындаған. Достары мен еріктілерді жинап, шөп шабуға жұмылдырды. «Шағын шаруашылықпен айналасатындарға қиын заман туды, соған құлазып жүрмін. Көмек бастап кеткеніме қуанамын, әрине бұл

мактану үшін емес. Ата-әжелер көзіне жас алып, алғысын жаудырып жатыр. Бірақ мен рақметін күтпеймін, әрбір қазақ, өз елінің азаматы менің ісімді жасар еді. Қазір бәріміз жиналып, көмектесуге шақырамын», – дейді ол.

Құрметтің игі ісін өзгелер де жағнап кетті. Республиканың түкпір-түкпірінен қуаншылық жайлаған аймақтарға шөп жеткізді. Бұл да еріктілердің арқасы. Құрмет

Талапқазы бір сөзінде: «Қазақстанның батысын шөппен қазір қамтамасыз етпесек, қыста мал қырылады. Қыста тіпті батыста ғана емес, оңтүстікте де, Қызылорда мен Аралда да мал қырылады. Келесі жылы шөп те қымбаттайды, ет те. Қазір еттің келісі 2 мың болса, келесі жылдары 7-10 мың тенге болады. Күз бен қыс келмей тұрып, шөп әзірлеуіміз керек. Әр облыстан 10-15 вагоннан жіберсек жақсы болар еді. Қазір Түркістан мен Шымкентте Қазығұртқа, Қаратауға және Созаққа барар жолдағы даланы шауып жатырмыз. Сосын Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан облысына шөпке барамыз» деген екен. Сарыағаш, Келес, Қазығұрт, Шардара, Жетісай, тағы басқа аудандардың азаматтары да шөп дайындауға білек сыбана кіріскен. Құрметтің бастамасымен Түркістан облысының өзінде 100 мың түктен артық шөп жиналған. Еріктілер оңтүстік жұртшылығының көмегін қуаншылық болған аймақтарға теміржол арқылы жеткізіп берді.

## ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСІ

Елімізде соңғы бес жыл ішінде ауыл шаруашылығы саласында 960 жемқорлық қылмысы тіркелген екен. «Бүгінде біздің тарапы-



мыздан 62 қылмыстық іс қозғалып, тергеліп жатыр. Бұл іске 2 300 шаруаның қатысы бар. Осы жағдайды ресми түрде қарастырар болсақ, онда олардың барлығын кінәлі деп тануға болады. Қазірдің өзінде жүздеген жаңа іс қозғап, шаруалардың ісін тоқтата алар едік. Бірақ олар көп жағдайда қылмыстық айла-әдістердің құрбаны болып отыр», – деген еді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов.

Бұл оқиға бойынша 62 қылмыстық іс тіркеліп, 16 адам қамауға алынды. Бір ғана бағдарлама бойынша 80 миллиард тенге бөлініп, оның 40 миллиард теңгеден астамы тиімсіз игерілген.

Субсидия дауы Ауыл шаруашылығы министрлігі басшысы Сапархан Омаровты орынтағынан кетірді. Субсидия түрінде бюджеттен бөлінген жүздеген миллиард қаражатты ұрлаудың шын ауқымы енді ғана айқындалып жатқан секілді. Ұрлық схемасын теріс піғыл, қара басы үшін пайдаланған фермерлердің саны 3 мыңға жуықтаған. Солай десек те, фермерлердің және биік лауазымды тұлғалардың көбі жазаланбауы бек мүмкін.

Дайындаған Айым БЕКТҰР

Құрмет ТАЛАПҚАЗЫ:

## Маған атақ керек емес

Шымкент қаласының 24 жастағы тұрғыны Құрмет Талапқазы жаздағы қуаншылық тұсында ауылдарға жемшөп жіберіп, қоғамдық бастамаға мұрындық болған еді. Қытайда туып-өскен ол Қазақстанға 19 жасында көшіп келген. Пандемия кезінде тіпті үйіне қайта бара алмаған. Халық құрметіне бөленген азамат бүгінде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Белсенді азаматтар бастама көтеріп, Құрметке ел-жұрт баспана сыйлады.

– Қуаншылық кезінде еріктілерді бастан, батысқа жемшөп жібергеніңізден хабардармыз. Шөп оғу асарын бастауға не түрткі болды?

– Оңтүстік өңірден 170 вагон жемшөп жөнелтілді. Күннің 40 градус ыстығында көмектесуге ниеттілердің бәрі далаға шығып, шөп шапқысы келе бермейді. Ауызбен орақ орғанша, тірлік істейтін, пайдам тисін дедім. Далада, тоғайда түнеген кездер болды. 4 күн бойы жалғыз өзім шөп ордым. Су белден келеді, шөп орамын деп жүргенде беліме шаншу қадалды. Ашуға бұлынып, бәріне қол сілтеп, кетіп қалғым келген кездер болды. Бірақ істі бастаған соң аяқсыз қалдыру мүмкін емес еді. Жан-жақтан хабарласып, көмектесеміз деп жатқанда ауру ұмытылып кетті. Бесінші күні 15 адам келіп, асарға қосылды. Әр жерден «көмектесек» деген ел-жұрт хабарласа бастады. Бірі шөппен, енді бірі ақшалай көмектесті. Жинаған шөпті жеткізу қиын болды. Ел біліп, жұмыс жүре бастағанда «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы мал азығын тасымалдау құнын 75 пайызға арзандатып берді. Оралда 25 вагон тегін жемшөп жиналып, Маңғыс-

тау облысына жіберілді. Сонда теміржол тасымалының ақысын төлей алмай, 3,5 миллион қарызға баттық. Дайын жемшөпті жеткізу үшін бір кісіден қарыз алғанбыз. Ол қайта-қайта ақшасын сұрап, біраз қажытты. Артынан ел ағалары көмектесіп, қарызды қайтардық.

**ЕЛГЕ КЕТЕМІН ДЕГЕНІМДЕ  
ЕШКІМ ҚОЛДАМАДЫ**  
– Бір сұхбатыңызда «әке-шешем, туыс-туғаным Қытайда қалған. Отбасымды көрмегеніме 5 жылдан асты», – дегеніңіз бар. Қазір ол жағдайлардың жағдайы қалай?

– Еркіндік жағынан болмаса, жағдайлары жақсы. Төрт түлік малы бар, 2 мың гектардай жері бар. Қазақстанға келемін десе, қазір шекара жабық. Қытайда 3-сынып-та оқып жүргенімде Қазақстанға баруды қатты армандайтын едім. Отанымға келіп, елімнің қамқоршысы боламын деген бала арман болды. Мектеп бітіріп, елге кетемін дегенімде ешкім қолдамады. Сол кезде шахтада жұмыс істейтінмін. Миллион теңгеден аса қаражат жинап, жартысын әке-шешеме беріп, қалғанына оқуға түсемін деп құжат жасаттым. Қазақстаннан

оқуға шақырту келген соң ауыл ақсақалдарына көрсетіп, бата сұрадым. 2016 жылы туған-туыстар үлкен той жасап, елге жіберген. М.Әуезов атындағы университетке грантка түстім, алайда аттестатым Алтайда қалып қойған соң тегін оқуға қабылдамады. Ауылға хабарласуға қысылып, ақылы оқимын деп шештім. 2-курста оқудың ақшасын төлеймін деп жүріп, құрылыста жұмыс істеп жүргенде аяғымның сіңірі үзіліп кетті. Жарты жылдай жүре алмай қалдым. Содан 2-курстан кейін оқуды тастадым. Денсаулығым жақсарған соң зауытқа жұмысқа орналастым.

– Атажұртқа келгенде халықтың қабылдауы күткеніңіздей болды ма?

– Туған-туыс, бауырларым, әке-шешесін шетелде қып тастап кету екінің бірінің қолынан келмейді. Сол себепті өкінеді. Бірақ өкініп-өкініп қояды, себебі одан пайда жоқ екенін біледі. Көше сыпырып, иен далада ит пен құсқа жем болсаң да, өз Отанында жүргенге ештеңе жетпейді. Мен қарапайым қазақ жігіттеріне кінә таға алмаймын. Көмектесейік дегенде асарға келмеді деп өкпеге қимаймын. Өйткені



қазіргі қоғам солай. Біреуге біреудің жаны ашуы екіталай. Керісінше, осы жағдайдан кейін халық мейірілене түсті деп ойлаймын. Мен қырылып жатқан малды көріп, қатты қуыздәліске түстім.

**ҚАЗАҚПЫН ДЕП ҚАНША  
АҚТАЛСА ДА...**

– Бұған дейін «Ендігі мақсат – ата-анамды елге көшіру» дегеніңіз бар. Бірақ жоғарыда «Қазақстанға көшемін дегенімде отбасым қарсы болды» деп айтып қалдыңыз. Олардың түбегейлі елге оралуы мүмкін бе?

– Бұйыртыса, Сыртқы істер министрімен, ел Президентімен жолығып, шетелдегі қандастарымыздың жайын айтқым келеді. Өз отбасымның ғана емес, Ирандағы, Ауғанстандағы, Моңғолиядағы, Ресейдегі қандастар мәселесі оң шешімін тапса деймін. Олар елге бос келмейді, зауыттарымен бірге келіп келуі мүмкін. Көші-қонды қайта жандандыру қажет. Кейбір кісілер отбасынды елге алдыртайық деп жатыр, ауылды тастап, өз

отбасымыз ғана алдыртсам, жігіттігіме сын. Бір ауыл ғана емес, Қытайдағы қазақтардың бәрі ата-жұртын аңсап отыр деп ойлаймын. Арнайы комиссия құрылып, нақты әрекет болса, 12 ауданның 65 пайызы Қазақстанға көшеді деп сенемін. Елге ораламын деген адам бірінші, туып-өскен жерді қимайды. Екіншіден, өз еліме кетемін деген адамға Қытай тарапынан қолдау жоқ, ал біздің елдікі шамалы. Сол себепті бір отбасында алты адам болса, төртеуі Қазақстанға көшеміз десе, біреуі міндетті түрде қарсы болады. Сол үшін шетелдегі қандастарға Қазақстанға келіп, саяхаттау жағын шешіп берсе, туған жердің кереметін, қауіпсіз екенін түсініп, қалып қояр еді деп ойлаймын. Қытайда алдағы 3-4 жылда төлқұжатта тек Қытай азаматы деп жазылмақ, яғни ұлты жазылмайды. Ол кезде қандастарымыз қазақпын деп қанша ақталса да, кейбір «қазақпендер» азаматтық алуға жәрдемдесудің орнына, қытайсың деп қуып жіберетін шығар.

**УАЙЫМ БАР**

– Қайтарымызсыз кәсіпкерлік грантка не болдыңыз. Министрлік марапаттап жатыр. Журналист, меценат, халық болып баспана алып берді. Басында билікті сынадыңыз. Қазір қоғамға деген көзқарасыңыз өзгерді ме?

– Үкіметтегілерді жұмыс жүру үшін сынадым. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дейді. Бұрын көп нәрсеге көңілім толмайтын. Осы жағдайдан кейін көзқарасым өзгерді. Себебі істің басы-қасында жүріп, басқарудың оңай емес екенін түсіндім. Халқымызда «Ауылдан кун туса, ер етікпен су кешер» деген даналық сөз бар. Жағдай қиын болса, бейжай қарап тұра алмаймын. Маған атақ та, билік те керек емес. Жер ақысын, ел ақысын өтеп жатырмын. Тегін оқуға түсемін, тегін үй аламын деген ой ұш ұйықтасам да, түсіме кірмеген. Алланың қалауымен еңбегімді елеп жатқандары үшін халқыма, кәсіпкерлерге, ел ағаларына мың алғыс. Кейде бұрынғы кезімді сағынамын, ол кезде алаңсыз едім. Қазір елге қандай пайдамды тигізе аламын деген уайым бар. Жауапкершілікті сезінемін.

**Шөп шабу науқаны ойдағыдай аяқталды ма? Жалпы, шаруа қалай шешілді?**

– Ойдағыдай болмады. Жағдай әлі қиын. Біз қолдан келгенше 14 мың тонна жемшөп жібердік. Бірақ ол тұқ те болмайды. Семейден бір ағамыз 15 вагон жемшөп жібергені жатыр. Сонда да көктемге дейін шамамен 20 мың тонна жіберу керек. Сол кезде ғана мәселе шешілді деп айтуға болады.

– Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Наима НҮРӘЛІ

# Жаңа жыл жарылқай ма?

(Басы 1-бетте)

## Мадиар ТӨЛЕУ

Маман азық-түлікке байланысты қымбатшылықтың да тоқмайтын үнмен жеткізді. Керісінше, құнның көтерілуі қарқын ала бермек екен.

— Қымбатшылық — кез келген дамушы мемлекеттің экономикасында болатын құбылыс, үздіксіз процесс. Алайда бір қауіп бар, онсыз да қымбат дүниенің бағасын қолдан еселеп қымбаттатуы мүмкін. Бұл кезде халықтың күнкөріс деңгейі төмендейді. Жаңа жылға үмітпен қарау керек, дей тұрғанмен шынайы жағдайға үлгер болсақ, халықтың табысы бізде төмен. Табысы төмен болған сайын экономикадағы айналым қаржы азаяды.



Оның азығаны елдегі түрлі саланың дағдарысына әкеледі. Бірақ менің ойымша, келер жылы белгілі бір салада үлкен дағдарыс болады деп күтуге болмайды. Әйткенмен, тұрғын үй нарығындағы қымбатшылық осы жолы халыққа ауыр соғады. 2022 жылдың үшінші тоқсанында ғана тұрғын үй бағасының сәл түскенін күтуге болады, — дейді Құздубаев.

Экономист қорытынды сөзінде егер алдағы жылы мемлекет тарапынан, қаржы саласына жауапты органдар тарапынан реформа, болжамдар, зерттеулер жасалмай, нақты іс-шаралар іске аспайтын болса, экономикадан өзгеріс күту негізсіз екенін жеткізді.

### БИЛІК ХАЛЫҚКА ЖАҚЫНДАУЫ МҮМКІН

Бұл тұста болжам айтудан саясат салсын да тыс қалдыра алмаймыз. Елдің саяси өміріне шолу жасап, өткен-кеткенін бір түйіндеп, алдағысы қалай орбитінін

сараптап көрген жөн. Саясаттанушы Ернұр Молдашев келер жылы аса бір саяси өзгеріс болатынына сенбейді. Дегенмен билік өкілдерінің халыққа мойын бұра бастауы мүмкін екенін жеткізді. Себебі шенділердің кей кезде халықтан алыстап кеткені жайлы сөз болады. Ал сынға қалғандар бұдан бейхабар емес.

— Алдағы уақытта болуы мүмкін саяси қадамдарға түрлі болжамды айта беруге болар. Бірақ алдымен мына дүниені ескерген абзал, саясаттану — екінші деңгейдегі хаостық жүйе. Саясатта нақты болжам айту мүмкін емес, тек факторларға сүйеніп қорытынды жасайды. Бірақ бір нәрсені айта кеткен жөн. Халықтың әл-ауқаты 2013 жылы біз көрген ең биік межеде болды. Қазір қоғамның саясатқа деген көзқарасы құбылып тұр. Осыны басты назарға алып, әр саладағы қарсылық пен

әуелі елдің ішіндегі жұмыссыздық мәселесі сәл шешімін табатын тәрізді. Өйткені өнеркәсіпке көп көңіл бөлінбек. Өткен 2 жыл әскери және медициналық жыл болса, келер жылы көпшілік инновация мен инфобизнеске ұмтылады. Жыл саны 6-ға тіреліп тұр. 6 — жайлылық, комфорт, тұрақтылық саны. Адамдар ақша жинап, баспана мен жер алуға ұмтылады. 2021 жыл 5 санына түскелген, яғни шығын көп болды. Әлеуметтік-экономикалық жағдай қазір мез емес. Келер жылдың бірінші жартысына дейін бұл жалғасады. Ал ауыл шаруашылығына үміт арта алмаймыз. Климаттың қолайсыздығы себеп болар, жағдай орташа. Бірақ құрылыс саласы қарқын ала береді. Себебі сырт елдерден келіп, зауыт салатындар көбейетін тәрізді. Бірақ халықтың қорқынуы негіз жоқ, жақсылыққа бағыт бар, — дейді ол.

Пандемия басталғалы бері еліміздегі денсаулық сақтау саласына алаңдау үдегені рас. Маман биыл денсаулық сақтауда қиыншылық болмайды деп есептейді.

— Коронавирускқа қатысты болжам жасау қиын. Өткен жылы денсаулыққа 13 саны түсті. Бұл — қауіп-қатер саны, жарылыс көп болды. Алдағы жылы адам шығыны аз болуға тиіс, керісінше жағдай жақсарыды. Демек, жеке болжам бойынша, вирускқа қатысты халіміз тұрақталуға тиіс, — деді Құралай Бақытқызы.

Нумерологтің айтқанына сенсек, алдағы жыл көк түсті беріп тұр. Ол — табыстың түсі. Ал жастар үшін 6 саны астрология бойынша неке құрса, қате шешім болмайтын кезең. Демография мен неке саны өспек. Жалпы, жылдың энергиясы байлыққа бағытталған. «Бірақ шашпалыққа емес, жинауға дағдыланған жөн» деп қорытындылады маман.

### КҮТПЕГЕН ҚҰАНЫШҚА КЕНЕЛЕМІЗ БЕ?

Құмалақшы Баян Амангелді де келер жылдың жаман болмайтынын айтып отыр. Бұрынғының «41 құмалақ сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді» дегені бекер емес болар. Әуелі анығын Құдай біледі деген ол «2022 жыл ойламаған, күтпеген қуанышқа толы болады. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезеңді көреміз. Дегенмен бұйыртқаның өзгесін көрмейміз», — дейді.

Қорытындылар болсақ, ешкім келер жылдан жамандық күтпесі анық. Бәрі де қуанышқа кенелгісі келеді. Сұрау салып, пікірін естіген мамандарымыз жақсы өзгерістер болуы мүмкін екенін болжап отыр. Біз де жақсыға жорығанның «айтқаны болсын» деуден әрі аспаймыз.

талап ету көбейеді деп айта беруімізге болатын еді. Бірақ мемлекеттегі саяси тұрғылар одан бейхабар емес. Менің ойымша, келер жылы билік халық үшін тиімді, оңтайлы шешімдер қабылдауға талпынады. Көпбалалы аналар секілді әлеуметтің түрлі мәселесіне зер салып, шешуге талпынуы мүмкін. Ал саясаттағы құрамның өзгерісіне қатысты зерттеу жасап, анық айтып беру қиын, — деді Молдашев.

### «6» АЛА БОЛМАСА, ТӨРТ ҚҰБЫЛА ТҮГЕЛ БОЛМАК

Болжам жасау жайын айтқанда нумерология ғылымына соқпай кету мүмкін емес. Нумеролог Құралай Бақытқызы 2022 жыл 6 санына дөп келіп тұрғанын айтады. Демек, жақсылық көп болуға тиіс екен.

— 2022 жылды бір сөзбен логистика мен туризмнің дамитын жылы деп айтамын. Еліміз бен өзге мемлекеттерде халықаралық туризм қарыштап, экспорт пен импорттың мөлшері көбейеді. Ең

# Көзге түскен тендерлер

Zertteu Research Institut ҚҚ Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу саласында жүргізіген зерттеуінде техникалық сипаттамалардың тек 1% заң талаптарына сай болып шықты. Ал талапқа сай емес тендердің көбі тікелей бір көзден сатып алу тәсілінде жасалған. 2021 жылы қоғамда резонанс тудырған даулы тендерлерді назарларыңызға ұсынамыз.

## Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ

### ШЫМКЕНТТЕГІ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Биыл пандемияның өршіп тұрғанына қарамастан Шымкентте 565 миллион теңгеге Наурыз мейрамы тойланды. Оған «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК тапсырыс берген. Олар Наурыз мейрамын өткізуге барлығы алты тендер өткізген. Белсенділер өткізілген тендерлерден бірқатар зансыздықты байқаған. Барлық тендер тікелей бір көзден алу тәсілімен өткен. Сонымен бірге мемлекеттік сатып алу порталында шараларға бөлінген қаржының қалай жұмсалатыны анық жазылмаған. Тендердің бірі «Наурыз айтысты» 40 млн теңгеге өткізген компания жиһаз жасаумен айналысатын болып шықты. Оның да сатып алу порталына тіркелгеніне көп болмаған.

Ең қызығы, Шымкент қалалық мәдениет үйі өткізген алты тендердің үшеуі танымал продюсер Жан Мұқановпен байланысты. Белсенділер ол азаматты бұрын да Шымкент қаласы әкімдігімен жұмыс істегенін айтып, болжам жасаған-ды.

### АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ — 145 МИЛЛИОН ТЕНГЕ

27 желтоқсанда Атырау облысында ақын Абай Құнанбайұлының құны 145 млн теңге болатын ескерткіші ресми ашылуы керек еді. Бірақ қазір Атырау облысы әкімінің орынбасары Бақытұл Хаменова мен облыстың Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы осы ескерткіштің тендеріне қатысты істі болып, тергеліп жатыр. Тергеу болжамы бойынша, өңір басшылары мемлекеттік сатып алу порталындағы байқауда ескерткіш жасау құқығын жеңіп алған компаниядан 4,5 миллион теңге паран алған. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 41-бабына сәйкес тапсырыс беруші порталда әлеуетті өнім берушінің қалай, қандай негізде таңдалғаны туралы есепті орналастыруға міндетті. Тапсырыс берушінің мұндай қадамы сол компанияға тең келетін ешкім табылмағанын білдіреді. Яғни, әкімдік бюджетті үнемдеу мақсатында төмен баға ұсынатын өнім берушінің іздеуге тырыспаған. Сөйтіп, «Балқыту» ЖШС тендерге оп-ондай қол жеткізген. Ал жақында қазақстандық БАҚ-та Абай Құнанбайұлы-

ның дәл осындай көлемдегі ескерткіші екі жыл бұрын Павлодарда 55 млн теңгеге орнатылғаны жазылды. Бір қызығы, Атыраудағы ескерткішті де, Павлодардағыны да бір компания — «Балқыту» ЖШС орнатқан.

### ТӘЖІРИБЕСІЗ КОМПАНИЯҒА 60 МЛН ТЕНГЕНІҢ ТЕНДЕРІН ОҢАЙ БЕРГЕН

«Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК мемлекеттік сатып алу порталында тіркелгеніне екі күн болған, тәжірибесіз компаниямен шартты тікелей бір көзден алу тәсілі арқылы келісімшартқа отырған.

Алайда Шәмші Қалдаяқовқа арналған концерт өтпей қалды. Шымкент мәдениет үйі директорының орынбасары Ғани Аманқұловтың айтуынша, карантин талаптарының күшеюіне байланысты жос-

2021 жылы ең көп сомаға тендер жариялаған 5 тапсырыс беруші	сомасы, тенге
Түркістан облысының Құрылыс басқармасы	276,8 млрд
Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы	267,9 млрд
Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы	160,4 млрд
Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы	152,2 млрд
ҚР Білім және ғылым министрлігі	148,7 млрд
2021 жылы ең қомақты тендер ұтқан 5 компания	сомасы, тенге
Bazis Construction ЖШС	198,7 млрд
«Казахдорстрой» ЖШС	109,1 млрд
«Атырауиндустрой-АИС» ЖШС	107,8 млрд
«KAZPACO» (КАЗПАКО) ЖШС	97,8 млрд
«Павлодар өзен порты» АҚ	93,8 млрд

парланған концерт өтпеді. Ғани Аманқұлов бұл концертті өткізуге кеше ғана тіркелген, тәжірибесіз компанияның қалай таңдалғанына экс-басшысы Сәкен Майғазиев жауап бере алатынын айтқан.

Бірақ негізгі сұрақтарға жауап беруге тиіс Сәкен Майғазиев қызметінен өз еркімен кеткен.

### МИНИСТРЛІК 705 МЛН ТЕНГЕГЕ КІТІП ШЫҒАРҒАН

Ал ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жыл басынан бері кітап шығаруға 705 млн теңге бөлген. Кітаптардың көбі шенеуніктер мен ақындарға тиесілі болып

шықты. Мысалы, ақын Олжас Сүлейменовтің алты кітабы министрліктің қолдауымен шыққан. Оған бюджеттен 21,7 млн теңге бөлінген. Бір қызығы - министрлік ақынның кітабын шығару қызметін оның қызы Мадина Олжасқызының баспасына тапсырған. Қоғамда қызу талқыланған тендерлердің бірі — мәжіліс депутаты Сауытбек Әбдірахмановтың «Елдің ерлігі» бес томдығы. Оны шығару үшін министрлік 44,6 млн теңге бөлген. Бұдан бөлек, бұрын әкім, министр болған, қазір ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың тәуелсіздік туралы кітабына 26,9 млн бөлінген. Белсенділер министрліктің бюджет қаржысын тиімсіз жұмсағанын айтып, талқылады.

### 9 КҮНДЕ 39,8 МЛН ТЕНГЕНІ ИГЕРМЕКШІ БОЛДЫ

Алматы қаласының әкімдігіне қарасты Туристік ақпараттық орталығы ішкі туризмді дамыту мақсатында 39,8 млн теңгеге келісімшарт жасаған. Талап бойынша өнім беруші 31 желтоқсанға дейін Алматы қаласы мен Алматы облысының ішкі туризмі туралы жарнама кампаниясының

2021 жылы ең көп сомаға тендер жариялаған 5 тапсырыс беруші	сомасы, тенге
Түркістан облысының Құрылыс басқармасы	276,8 млрд
Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы	267,9 млрд
Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы	160,4 млрд
Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы	152,2 млрд
ҚР Білім және ғылым министрлігі	148,7 млрд
2021 жылы ең қомақты тендер ұтқан 5 компания	сомасы, тенге
Bazis Construction ЖШС	198,7 млрд
«Казахдорстрой» ЖШС	109,1 млрд
«Атырауиндустрой-АИС» ЖШС	107,8 млрд
«KAZPACO» (КАЗПАКО) ЖШС	97,8 млрд
«Павлодар өзен порты» АҚ	93,8 млрд

тұжырымдамасын әзірлеп, оны тапсырыс берушімен келісіп, роликтерді әзірлеп, жариялау үлгеруі керек. Талап бойынша 30 секундтық әр жарнама ролігі кемінде 12 млн рет көрілуі керек. Бірақ техникалық ерекшелікте ролік саны көрсетілмеген. Ол бір немесе бірнеше ролік болуы мүмкін. Өнім беруші — «Промышленные инновации» ЖШС. Әлеуметтік желі қолданушылары әкімдікке қарайтын мекеменің бұл тендерін Алматының туризмін дамыту үшін емес, аз уақытта қаржыны игеру үшін жарияланғанын жазып, айыптайды. Себебі мұндай аз уақытта бір видеоның өзін 12 млн қаралым жинау қиын.



# 2022 жыл: қандай өзгерістер күтіп тұр?

**Мемлекет басшылығы 2021 жылы ел экономикасы мен халықтың әл-ауқатына қатысты бірқатар шешім қабылдады. Оның басын бөлігі келер жылдан бастап күшіне енеді. Осыған орай 2022 жылы қандай өзгерістер болатынына шолу жасаймыз.**

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

### АЕК 5 пайыз артады

Жаңа жылдан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері 5%-ға өседі. 2021 жылы АЕК мөлшері 2 917 теңге еді, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл сома 3 063 теңге болады.

### Ең төменгі жалақы

2022 жылы ең төменгі жалақы көлемі 60 мың теңге болып өзгереді. 2021 жылы ол 42 500 теңге еді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ең төменгі жалақы мөлшерін көтеру ең маңызды макроиндикатор екенін атап өтті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, ең төменгі жалақы мөлшерінің өсуі экономиканың барлық саласында жұмыс істейтін 1,6 миллион адамның кірісінің өсуіне әсер етеді.

### Ең төменгі күнкөріс деңгейі

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 5 пайызға артып, 36 018 теңге болады. Әзірге бұл сома — 34 302 теңге. Осы орайда ең төмен күнкөріс деңгейімен байланысты төлемдер де өседі. Мысалы, асырауындағы екі адам үшін асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 2022 жылы 53 666,82 теңге болады. Әзірге бұл сома 51 109, 98 теңге.

### Жөргекпұл

Әйелдерге мемлекет тарапынан босанғаны үшін жәрдемақы беріледі. Жөргекпұл сомасы баланың кезегіне байланысты өсіп отырады:

бірінші, екінші, үшінші балаға — 38 АЕК немесе 116 394 теңге (2021 жылы — 110 846 теңге); төртінші және одан кейінгі балаларға — 192 969 теңге (2021 жылы — 183 771 теңге). Егіз не үшмер, төртмер болса, мемлекеттік жәрдемақы әр балаға жеке-жеке есептеледі.

Жүктілік пен босану бойынша табысынан айырылған жұмыс істейтін әйелдерге берілетін біржолғы әлеуметтік төлем 1 587 600 теңге болады. Әзірге бұл сома — 1 224 550 теңге.

### Көпбалалы отбасыларға төленетін жәрдемақы

Төрт және одан да көп, көмелеттік жасқа толмаған, орта арнаулы және жоғары оқу орнында білім алып жатқан 23 жасқа толмаған балалары бар аналарға 2022 жылы сараланған мөлшерде келесідей жәрдемақы беріледі: төрт балаға — 16,03 АЕК немесе 49 926 теңге (2021 жылы — 46 760 теңге); бес балаға — 61 382 теңге (2021 жылы — 58 457 теңге); алты балаға — 73 665 теңге (2021 жылы — 70 154 теңге); жеті балаға — 85 947 теңге (2021 жылы — 81 852 теңге); сегізінші баладан бастап әр балаға 4 АЕК немесе 12 252 теңге қосылады.

### Айыппұл және бюджеттік өзге де төлемдер

Мемлекеттік қызметтер үшін төленетін сомалардың мөлшері тікелей айлық есептік көрсеткішке байланысты. Мысалы, жүргізуші көлік жылдамдығын сағатына 40 шақырымнан асырса, 61 260 теңге көлемінде айыппұл төлейді. Бұған дейін жүргізушілер 20 АЕК немесе 58 340 көлемінде айыппұл төлеп келген.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап елде айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен бірге міндетті сакандыру полисі мен көлік салығының бағасы өседі. Ал төлқұжат алу үшін төленетін мемлекеттік баж мөлшері 24 504 теңге болады.

### Зейнетақы төлемдері

Зейнетақы төлемдері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайызына тен. 2021 жылы — 18 524 теңге, ал 2022 жылы бұл сома 5 пайызға артып, 19 450 теңге болады. 1998 жылға дейін ерлер үшін 25 жыл және әйелдер үшін 20 жыл жұмыс өтілі бар қазақстандықтар толық көлемде алатын ынтымақты зейнетақының ең төменгі мөлшері 7 пайыз өседі. 2021 жылы ең төменгі зейнетақы мөлшері — 43 272 теңге, 2022 жылы бұл сома 46 302 теңге болады.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін ең төменгі зейнетақы төлемдеріне ықпал етеді. Оның мөлшері — ең төменгі күнкөріс деңгейінің

## 70 пайызы. Қазір бұл 24 012 теңге, ал 2022 жылдан бастап 25 213 теңге болады.

Еңбек министрлігінің ақпараты бойынша, 2022 жылы базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі мөлшері өсуіне байланысты мемлекеттік бюджеттен зейнетақы мен жәрдемақы алатын 5,1 миллион қазақстандықтың табысы артады.

### САЛЫҚ ЗАҢДАРЫНДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

#### Цифрлық салық салынады

Салық кодексінде 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда тауар сағумен және қызмет көрсетумен айналысатын шетелдік интернет компаниялардың қосымша күн салығын тіркеуі мен төлеуінің оңайлатылған тәртібі қолданылады. Қосымша күн салығын толық және дер кезінде төлеуді қамтамасыз ету үшін «Мерчент ID» ұғымы енгізіледі. Интернет арқылы сатылған тауарларға қосымша күн салығы салынады. Цифрлық салық отандық және шетелдік компаниялар үшін бәсекелестік жағдайын теңестіруге мүмкіндік береді.

#### Алкоголь өнімінің импортына тосқауыл қойылады

Отандық өндірісшілер үшін акцизден кейінгі төлем енгізіледі. Бұл шара оңдандырушылардың өнімдерін мен сыра өндірісшілерімен теңестіреді және екінші деңгейлі банктерден жоғары мөлшермен тартылатын айналым қаражатын босатып алуға мүмкіндік береді. Заңға енгізілген түзету отандық алкоголь өнімін қолдауға және алкоголь өнімінің импортын тежеп ұстауға мүмкіндік береді.

#### Қосымша күн салығы оңайлатылған тәртіппен қайтарылады

Шикізат экспорттан түскен түсімнің кемінде 50%-ы шетел таласын теңгеге айырбастаған бизнес субъектілері тауарын экспорттаған кезде оған 80%-ға дейінгі қосымша күн салығы оңайлатылған тәртіппен қайтаруы мүмкін. Кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін Үкімет бекітеді. Бұл түзету экспорттаушыларды Қазақстан аумағында валюталық түсімді өткізуге ынталандыру мақсатында енгізілген.

#### Шетелдік тасымалдаушылардың салығы өседі

Бұдан былай шағын және орта бизнестің шығынын азайту үшін салық салу мақсатында шағын көлемді фургондарға 3,5 тоннадан аспайтын жүк көтермділігіне қарай салық салу тәртібі қолданылады. Ал Қазақстан аумағы арқылы халықаралық қатынаста жолаушы мен жүк тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік көлік құралдарының алынатын алым мөлшері 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейін өседі.

#### Тауар айналымының операциялары есепке алынады

Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тауар айналымын қадағалауға ықпал етеді. Қабылданған құжат Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалау тегі туралы келісімді іске асыруға мүмкіндік береді. Қадағалауға жататын тауарларды және ұлттық бақылау жүйесін пайдалана отырып, тауар айналымына байланысты операцияларды есепке алуды ұйымдастыруға жағдай жасайды.

#### Салық тұрақтылығына кепілдік беріледі

Салық заңнамасының тұрақтылығы кез келген жобаларға, оның ішінде жер қойнауын пайдалануға 10 жыл ішінде инвестиция салған жағдайда деңгейлес мониторингте тұрған, акцизделетін тауарларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын және арнаулы салық режимін қолданбайтын экспортқа бағдарланған (көмірсутекті пайдалы қазбалар мен мұнай өнімдерін экспорттаушыларды қоспағанда) тауар өндірушілерге ғана беріледі. Тұрақтылық кепілдігі инвестор мен Қазақстан Үкіметі арасында инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасау арқылы 10 жыл мерзімге белгіленеді. Тұрақтылық қосымша күн салығына, төлем көзінен ұсталатын салыққа, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыға, сондай-ақ салықтарды әкімшілендіру мәселесіне қолданылмайды.



# Биыл қандай уәделер орындалмады?



**Неміс ойшылы, XX ғасырдағы ірі философтардың бірі Мартин Хайдеггер «ұдайы уәдеге шабыттану сезімі» болатынын айтып кетті. Бұл тәсіл бүкіл әлемде, саясат сахнасында кеңінен қолданылады. Саясаткерлер, министрлер қапталып уәде береді, жұртшылықты шабыттандырады, өзіне назар аудартады, саяси дивидендпен бедел жинайды, дегенмен оның орындалуына баса мән бермейді. 2021 жылы да биік лауазымды шенеуніктердің көптеген уәдесі орындалмады. Олар нені уәде етті?**

Айхан ШӘРІП

## ПАНДЕМИЯ АЯҚТАЛАДЫ

Биыл пандемиямен байланысты болды. Денсаулық сақтау министрлігі былтыр жаһандық индеттің алдағы 2021 жылдың ортасына таман аяқталатынын айтты. Алдымен 2020 жылғы көктемде Алматы қалалық СЭС департаментінің карантиндік және аса қауіпті инфекцияларды эпидемиология қадағалау бөлімінің басшысы Саят Қауметбаев пандемияның бітетін мерзімін атады: «Вирус ультрақұлғін сәулеле төтеп бере алмайтындықтан, күн нұрын мол төге бастайтын мамырда эпидемия аяқталады». Әрине, бұл байлам қате болып шықты.

Артғына ДСМ пандемияның аяқталу мерзімін 2021 жылға жылжытты. Бұл ретте вирустың ешқандай кетпейтіні, ол адамдар арасында айналымда қалатыны, бірақ оның қауқары тұмаудай ғана болатыны айтылды. Халықты осылай үміттендірген Денсаулық сақтау ведомствосы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенген-тін. Кезінде COVID-19 индеті жайылатынын алдын ала дәл

болжаған инфекционист-сарапшы Майкл Остерхольм де 2020 жылғы наурызда пандемияның жарты жылға созылатынын мәлім етіп еді.

ДСМ шенеуніктердің сөзін уәделей қабылдаған қазақстандықтар 2021 жылы карантин шаралары тоқтатылады, барлық шектеу алып тасталады деп сенді. Олай болмады. Барлық карантин шектеулері келесі 2022 жылға ұзартылып отыр. КВИ тұмау сияқты болады деген сөз де жалған болып шықты. COVID-19 ары қарай мутацияланып, жаңа штамдары әлемге кең таралады. Германияның иммунология қоғамының бас хатшысы Карстен Ватшльдің пікірінше, «омикрон» штамы иммун тапшылығы инфекциясы (ВИЧ) бар сырқаттан тарауы ықтимал.

## ИНФЛЯЦИЯ 4-6% ДӘЛІЗІНДЕ САҚТАЛАДЫ

Үкіметтің, Ұлттық банктің, Қаржы нарығын реттеу агенттігінің бұл уәдесі ел Үкіметінің 2021 жылғы 23 ақпандағы №90 қаулысымен бекітілді. Экономикаға жауапты осы «үштік» жыл басында «2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімді» бекітті, оны іске асыру жөніндегі Жол картасын мақұлдады.

«Келісімді іске асыру шеңберінде мынадай нәтижелерге қол жеткізу жоспарлануда: 2021 жылғы инфляция: 4-6%» делінген құжатта. Ақыры не болды? Қазақстанда биылғы қараша айының қорытындысында жылдық инфляция 8,7%-ға жетті. Бұл – белгіленген межелен екі есе көп!

Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевтың айтуынша, Қазақстанда инфляция соңғы 4 жылдағы рекордка жетті. Бұған азық-түлік тауарларының, соның ішінде көкөністердің де бұрын-соңды болмаған көлемде қымбаттауы ықпал етті. Сондай-ақ жанар-жағармай бағасының, электр қуаты, коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі қосылып, нарықтағы баға құнсыздануына серпін берді. Үкіметке тамыз айында шұғыл инфляцияға қарсы шаралар қабылдауға тура келді. Бұл азық-түлік бағасын құрықтауға мүмкіндік берді. Бірақ инфляция бәрібір рекордтық деңгейде қалды. Үкімет те, Ұлттық банк те уәдесінде тұрмады.

## МЕКТЕПТЕРДІҢ ДАЛАДАҒЫ ДӨРЕТХАНАСЫ ЖОЙЫЛАДЫ

Екі жыл бұрын Білім және ғылым министрлігі өкімдіктермен бірлесіп, қазақстандық мектептердің «дәретхана мәселесін» 2021 жылы толық шешуге уәде етті. Бұрыннан бар бұл проблемаға білім саласының шенділері тек трагедиядан кейін назар аударды: 2019 жылғы қарашада Тараздағы мектепте, сабақ уақытында 7-сыныптың 12 жасар оқушы қызын даладағы дәретханада зорлап кеткен.

Бұл маскара оқиға қоғамда үлкен резонанс тудырды.

Содан 2019 жылы БҒМ елдегі 6 971 орта білім ордасына мониторинг пен тексеріс жүргізді. 2 700-ден астам мектепте оқушылары даладағы дәретханаға жүгіруге мәжбүр екені анықталды. Министрлік олардан артылу процесін екі жыл ішінде, 2021 жылғы қыркүйекке дейін аяқтауға сөз берді. Яғни, осы кезеңде барлық орта білім беру ұйымында ғимарат ішіндегі жылы дәретханалар салынуы тиіс еді.

Алайда БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенованың айтуынша, 2021 жылғы тексеру барысында 245 мектепте «ескі форматтағы» дәретханалар сол бойы сақталып қалғаны мәлім болды. Сорақысы сол, комитет басшысының айтуынша, ескі дәретханаларды «жыныс белгісі бойынша бөліну қатысты проблема бары» әшкереленген: кей жерде сырттағы дәретхананы үл мен қыз балалар кезек-кезекпен пайдалануға мәжбүр.

Ел ХХІ ғасырдың үшінші онжылдығына аяқ басса да, шенеуніктер бұл проблеманы шеше алмады. Рас, мектептердің 195-інде жылы туалет орнату жұмыстары аяқталып қалған. Қалғанында – Ақтөбе, Алматы, ШҚО, Жамбыл, БКО, Қарағанды, Қостанай, Түркістан облыстарында және Шымкент қаласында бұл жұмыстар аяғына дейін жеткізілмеді. Сол себепті БҒМ осы өңір өкімдіктеріне тапсырманы орындамаған тұлғаларға шара қабылдау туралы хат жолдады. Мұның сыртында 197 мектепте дәретханаларды су және кәріз құбырларына қосуды қиындатып болған. Бұл мәселелердің қаншалықты шешілгені алда белгілі болады.

## ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС ЭКСПОРТ 29 МЛРД \$ ЖЕТЕДІ

Үкімет биылғы жыл басында «2021 жылы тауарлар мен қызметтердің шикізаттан тыс экспортының көлемін 29,2 млрд долларға жеткізуге уәде етті. Бұл ел экономикасының мұнайға тәуелділіктен құтқару үшін керек.

Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, 2021 жылдың 10 айында шикізаттық емес тауарлардың экспорты 15,9 млрд долларды ғана құрады. Ал қызметтер экспорты 2,7 млрд доллар болған.

Министрдің мәліметінше, шетелде қазақстандық түз, үн, ет, дайын

өнімдер, макарон, консерві, бал, өсімдік майы және құрғақ сүт таңымал. Сондай-ақ машина жасау, металлургия өнімдері, IT қызметтер де жаһандық нарықта сұранысқа ие.

## ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҮСТЕМАҚЫ ЖЕЛТОҚСАНДА БЕРІЛЕДІ

Пандемияның аяқталмағанына қарамастан, Қазақстан коронавируспен күрестің алдығы шебінде жүрген ақ халатты абзал жандарға берілетін үстемеақыны биылғы қыркүйекте жойды. ДСМ оның орнына жаңа үстемеақы түрі енгізілетінін хабарлады.

Отставкаға кетерінің алдында, Мәжілістің жалпы отырысында баяндама жасаған ведомство басшысы Алексей Цой осы желтоқсан айында Денсаулық сақтау министрлігі жаңа үстемеақылар бойынша бұйрықты жария етуге уәде берді.

«Президент медқызметкерлерге төлемдерді тұрақты шараға айналдыруды тапсырды. Ол қауіпті аймақта жұмыс істейтін дәрігерлер санатына төленеді. Бұл енді коронавируспен тікелей байланысты болмайды. Менингит, конго-қырым қанды безегі секілді инфекция жұқтырған сырқаттарды емдейтін мамандар да алуы мүмкін. Инфекциялық дерттер ешқандай жоғалып кеткен жоқ. Көптеген індет коронавирусқа қарағанда қауіпті. Үстемеақыларға қатысты министрліктің тиісті бұйрығы желтоқсанда дайын болады», – деп сөз берді А.Цой.

Жалпы, үстемеақыны төлеу биылғы желтоқсанда басталып кетуі тиіс еді. Ақ халаттылар маңызды құжатты әлі күнге күтіп отыр.

## 17 МЛН ШАРШЫ МЕТР БАСПАНА САЛЫНАДЫ

Ел Үкіметі 2021 жылы Қазақстан бойынша жалпы көлемі 17 миллион шаршы метр тұрғын үй тұрғызуға уәде еткен еді. Бұл Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін 103 млн шаршы метр тұрғын үй салу және 977 мың отбасын баспанамен қамтамасыз ету тапсырмасын жүзеге асыру үшін қажет болатын. Осы уәденің орындалуына күзде құрылыс материалдарының күрт қымбаттауы кедергі келтірді.

«Биыл біз 17 миллион шаршы метр немесе 163 мың баспана салуымыз керек. Бірақ 26 желтоқсандағы алдын ала деректер бойынша, 16 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй ғана пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылысының қар-

қыны өткен жылмен салыстырғанда 12 өңірде артқан. Баспана халыққа қолжетімді болуы тиіс», – дейді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов.

Оның айтуынша, тұрғын үй және құрылыс материалдары құнының қымбаттауына жол бермеу үшін министрлік үш бағытта жұмыс істеп жатыр: құрылыс саласын цифрландыру, баға белгілеу жүісін жетілдіру және құрылыстағы бақылауды күшейту, сондай-ақ құрылыс материалдары өндірісін дамыту. Алайда елорданың өзінде біраз құрылыс алаңында жұмыс тоқтап, қрандар қаңтарылып тұрғанын байқауға болады. Құрылыс материалдарының қымбатшылығы мен тапшылығы мәселесі шешілмесе, оның келесі жылғы Үкімет жоспарларына да кесірі тиімі мүмкін.

Министр салада шешімін таппаған проблема көп дейді: заннамаға сәйкес, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары шағым түспесе тексеруге бара алмайды. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары объектілерді пайдалануға, қабылдауға қатыспайды. Бақылаудың әлсіздігінен құрылыс салушыларда немқұрайдылық байқалады және жаңа объектілер жаппай кемшіліктерімен қабылданады.

Жалпы, биыл мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да орындалмаған уәделер көбейгені байқалып отыр. Тауар жеткізетін, қызмет көрсететін деп сөзінде тұрмаған кәсіпкерлерге – контрагенттерге қатысты жүздеген мың іс сотқа жетті. Азаматтарға «жиһаз жасап беремін», «жоғары жалақылы жұмысқа орналастырамын», «мемлекеттен үй, жер алып беремін» деп уәде беріп, алдап соққан алаяқтар көбейді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі биылғы қазанда «Лицензияланбаған қызмет белгілері бар ұйымдардың тізімін» жариялады. Тізімге 121 субъект кірген, оның ішінде жұртшылыққа салған салымның еселен өсіруге уәде етіп, мұзға отырғызған 56 пирамида, 65 лицензияланбаған инвестициялық деддал бар. Өтірік уәде мен көзбояушылық – ізгі бастамаларды құнсыздандырады, жауапсыздық пен бұлыққа өріс ашады, халықтың сеніміне селкеу түсіреді. Еңдеше озық елдер қатарына қосылу үшін жалған уәделерден құтылған, жоспарлау және болжам жасау сапасын арттыруға абзал.

# Жасампаз жылдар жылнамасы

(Басы 1-бетте)

## Шынболат КҮЗЕКБАЙ

### ТАРИХИ ӘДІЛДІК САЛТАНАТ КҮРДІ

Ғасырлар тоғысында әлемдік геосаясаттағы оқиғалар егемендігін қолға алып, етек-жеңін жия бастаған елдің ұстанымдарын анықтап, болашаққа бағдар жасауда шешуші мәнге ие болды.

Президент Жарлығымен 1997 жыл Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланды.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихындағы ең қасіретті оқиғаның бірі жаппай саяси қуғын-сүргін жүргізу болғаны мәлім. Тәуелсіздік алғаннан бергі аралықта 340 мыңға жуық «қызыл террордың» құрбаны ақталды. Дәл 1997 жылдан бастап жыл сайын 31 мамырда тарихқа тағзым жасалып, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын еске алу дағдысы қалыптасты.

Төл тарихымызды ақтандықтан арылтып, одан сабақ алуға қыруар шаруа атқарылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылынан соң 1998 жыл Қазақстан халқының бірлігі мен ұлттық тарих жылы, ал 1999 жыл Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы ретінде айықталды.

### ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ СЕРПІН

Осынау тарихи рухани алғы-шарттардың ізін ала 2000 жыл Қазақстанда Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қаржылық қиындықтарды абыроймен еңсерген елдің руханият пен мәдениетке көңіл аударуының өз себебі болды. Өз алдына отауын сайлаған азат ел эконо-

микалық дағдарыспен бетпе-бет келгенде алғашқылардың бірі болып мәдениет ошақтарының есігіне кара құлып салынған-ды. Аз ғана уақыттың ішінде осы олқылықтарды жоюға Мәдениетті қолдау жылы мейлінше ықпал етті. Бір жылдың ішінде республика көлемінде 468 кітапхана, 239 мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңадан 5 театр ашылды. Еліміздің бас қаласында Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры, Қазақ ұлттық музыка академиясы өз жұмысын бастады. Қазақстан Президенті мәдени орталығы мен мемлекеттік мұражай ашылды.

### 10 ЖЫЛДЫҚТАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

2001 жылы ел Тәуелсіздігінің 10 жылдығы мерейтойына Қазақстан жоғары экономикалық көрсеткіштермен аяқ басты. Қаржы-экономика секторындағы әлемдік тенденцияға сай ұлттық табыстың жинақтау нормасы 15 пайыздан асқанда экономиканың тұрақты өсуі басталады. Ал 2001 жылы Қазақстанда жинақтау нормасы 25 пайызға жуықтаған еді.

Экономикалық көрсеткіштердің түзелуі елдегі ірілі-ұсақты әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға да мұрындық болды. Әсіресе, ұлт саулығына айрықша назар аударылып, 2002 жылы Денсаулық жылы деп танылды. Расында, қолға алынған кешенді шаралар нәтижесінде Денсаулық жылында отандық медицинада оң өзгерістер орын алды.

### АУЫЛДАҒЫ АХУАЛ ОНАЛДЫ

2003-2005 жылдардағы Ауылды қолдау жылы да ұжымшарлар мен кеңшарлардың таратуымен кері кеткен көп елді мекендегі тын-

дырымды тірліктің ұйытқысына айнала алды. Балапан басымен, тұрымтай тұсымен заманда ұстағанның аузында, тістегеннің қолында кеткен ауылды, ауыл шаруашылығын көтеруге көп күш жұмсалды. Тек 2004-2005 жылдар аралығында ауылдарды дамытуға 150 миллиард тенге қаржы жұмсалды. Оның сыртында ауылдағы білім беру мен денсаулық сақтау ісіне, сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге жыл сайын 15 миллиард теңгеден бөлініп тұрды. Шартты түрде 2005 жылы аяқталғанымен, ауылды дамыту мәселесі мемлекет назарынан тыс қалмады.

### ТІЛГЕ ҚҮРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

2007 жыл тәуелсіздіктің айшықты белгісі саналатын қазақ тілінің қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында Қазақ тілін қолдау жылы деп жарияланды. Бұл шешім «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының қабылда-

*2001 жылы ел Тәуелсіздігінің 10 жылдығы мерейтойына Қазақстан жоғары экономикалық көрсеткіштермен аяқ басты. Қаржы-экономика секторындағы әлемдік тенденцияға сай ұлттық табыстың жинақтау нормасы 15 пайыздан асқанда экономиканың тұрақты өсуі басталады. Ал 2001 жылы Қазақстанда жинақтау нормасы 25 пайызға жуықтаған еді.*

нуының 10 жылдығымен түспа-түскелді. Қазақ тілін қолдау жылы аясында мемлекет пен қоғам өміріндегі ана тілінің беделін биік ету жұмыстары қолға алынды.

Мұнан кейінгі 2008-2010 жылдар айшықты танбаланабағымен олардың да елдің экономикалық-әлеуметтік дамуы көрсеткішіне зор үлес қосқаны анық.



### МЕРЕЙЛІ МЕЗЕТТЕР

2011 жыл Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Тәуелсіздіктің 20 жылдығы болып жарияланды. Егемендіктің екінші

Онан кейінгі 2012-2018 жылдар аралығында арнайы ат таққан айшықты жылдар болмады. Тек 2015 жылы ел көлемінде Қазақ хандығының 550 жылдығы, ал 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аталып өтілді.

### ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП...

2019 жылғы Жастар жылы деп жарияланып, мемлекеттік жастар саясатында көп түйткілдің түйінін тарқатуға негіз болды. Президенттік жастар кадрлық резервіне өз саласында мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік атанған 300 жас іріктелді. Олардың дені мемлекеттік және квазимемлекеттік мекемелерде басшылық қызметке тағайындалды. Сонымен бірге Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастар үшін 1 000 жалдамалы пәтер беру бастамасы да баспаналы болу бақытын сезінуге ниеттілерге үлкен көмек болды.

### ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕДІ

Еріктілер жылы деп жарияланған 2020 жыл, шын мәнінде волонтерлер сын сағаттағы әрекеттің тәжірибе жүзінде сыналудан ерекшеленді. Жасыратыны жоқ, әлемдік пандемия тіршілік атаулы құрсау салғанда әлеуметтік көмек көрсету жауапкершілігін айқын сезіне алады. Бір жылдың ішінде 100 мыңға жуық қазақстандық еріктілердің қатарын толықтырып, көмекке мұқтаж жандарға қолғабыс етті. Ел басына күн туғанда ерікке пара-пар әрекетке барған еріктілердің көбі Президент Жарлығымен «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығында қоғам өміріне өзгеріс әкелген айшықты жылдардың тізбесі – осы. Әр жылдан жыл еткен ханалық күтетін жұртшылыққа әне-міне табалдырық аттап, төрге озғалы тұрған 2022 жылда қасқылыққа толы боларына сенім болды.

Еліміздегі полипропилен өндіретін алғашқы газ-химиялық кешеннің құрылыс жұмыстары өз мәресіне жетті.

Атырау облысындағы Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. (KPI) ЖШС-ның газ-химиялық кешенінде негізгі құрылыс жұмыстары аяқталып, іске қосу-реттеу кезеңі басталды. Бұл айтулы жоба елімізде мұнай-химия кластерін қалыптастыруға жол ашты. Тәуелсіздік жылдарының несібесіне айналуы тиіс газ-химиялық кешен полипропиленнің 65 түрлі маркасын өндіруге қауқарлы.

# КРІ ЖАҢА ПОЛИПРОПИЛЕН ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАДЫ

27 желтоқсанда жаңа зауыт Теніз кен орнынан жеткізілетін пропанның алғашқы партиясын қабылдады. Қараша айында зауытқа азот пен құрғақ сығылған ауа берілді. Шілдеде зауыт Karabatan Utility Solution ЖШС-нан басты қосалқы стансаға электр энергиясын, кейін бастапқы тұзсыздандырылған, минералсызданған және техникалық суды сәтті қабылдады. Осылайша, зауыт іске қосуреттеу жұмыстарына, іске қосу және өндіріске қажетті барлық ресурсты қабылдауды аяқтады.

— Бүгін біз Теніз кен орнынан жеткізілетін пропанды қабылдай бастадық. Пропан кешен аумағына теміржол арқылы вагон-цистерналармен жеткізіледі. Эстакадада америкалық EMCO WHEATON компаниясының санылаусыз пропан құю жабдығы орнатылған, ары қарай шикізатты италиялық SIAD компаниясының компрессорлары айдайды. Біз бір уақытта екі жерден 18 вагон қабылдай аламыз, барлығы 36 вагон өнім аламыз. Зауыт толық қуатына қосылған кезде күніне 72 вагон қабылдауға болады. Теміржол эстакадасында операторлар шикізатты құйып алады, кейін ол газ қауіпсіздігін анықтайтын жүйемен жабдықталған пропанды сақтау паркіне айдалады. Әрі қарай пропилен алу үшін пропанды дегидрлеу кондырғысына жіберіледі. Ал полимерлеу кондырғысында соңғы өнім — полипропилен алынады, — деді KPI бас инженері Денис Козырев.

Алғашқыда зауыт полипропиленнің 11 маркасын шығарады, қалғаны нарықтағы сұранысқа сай дайындалады. KPI-дың 2022 жылға арналған өндірістік бағдарламасы Энергетика министрлігімен келісілген.

— Біздің болашақтағы жоспарларымыз бойынша полипропилен отандық нарық сұранысын толықтай қанағаттандырады. Бұл көрсеткіш қазір — 45 мың тонна. Өндірістік бағдарламыз бойынша Қазақстанға 60 мың тоннасын беруді жоспарладық. Республикадағы сұраныстың артуына сай ең алдымен отандық нарықты толық қамтуға тырысамыз, — деді бас инженер.

Сайып келгенде, еліміздегі тұңғыш газ-химия кешені, яғни KPI отандық

29 мың тоннадан астам металл құрастырылым монтаждалып, 165 мың текше метрден астам бетон құйылды, 2,5 мың километр кабель мен 261 километр технологиялық құбыр желісі тартылды.

Бас мердігер — қытайлық CNCEC компаниясы, құрылыс-монтаж жұмыстарына 40-тан астам қазақстандық компания қатысты.

Елімізде мұнай-химия кластерін қалыптастыру және қосымша құны

жүзеге аспағаны белгілі. Тіпті, өткен жылы пандемия кезінде де зауыт құрылысын тоқтатпау үшін «ҚазмұнайГаз» ҰК» АҚ барлық жағдайды саралай отырып жұмыс істеді.

— Құрылыстың ең қарқын алған шағында пандемия орын алып, карантин шектеулері енгізіліп, өндіруші зауыттардың жұмысы тоқтатылса да, біздегі құрылыс тоқтаған жоқ. Үкіметтің қолдауымен

құралдары мен ыстық су тұрбалары мен фитингтер өндіруге қажет. Пропан сақтайтын паркте төрт резервуар бар, олар Оңтүстік Кореядан жеткізілген. Әр резервуардың ұзындығы — 42 метр, ал сыйымдылығы — 2 500 мың текше метр. Жобаны жүзеге асыруда әлемге әйгілі озық тәжірибелі Siemens, MAN, SGS, Air Liquide, Mitsubishi сияқты компаниялар атсалысты. Кондырғыларды орнату мен мамандарды оқыту кезінде Атырауға өндіруші зауыттардың шеф-инженерлері келді.

— Зауытымыздың заманауи дамуы үшін жұмысшыларды оқыттық. Теориядан бөлек тәжірибеден өтті, лицензия иесі — америкалық компаниядан арнайы компьютерлік жаттықтырғыш алдық. Ол компьютерде жұмысшылардың болашақ зауытта жұмыс істейтін бағдарламалары енгізіліп қойған. Қазір, міне бір жылға жуық олар зауыттың бағдарламасымен жұмыс істеп келеді, сондықтан дайын өндірісте жүргендей қолдарын үйретіп алды. Бұл компьютерлер виртуалды түрде штаттан тыс апаттық жағдайда әрекет ету, қысымды көтеру, температураны жоғарылату сияқты жағдайларды реттей алады, — деді Дамир Әшімов.

KPI жобасында жаңа технологиялар қолданылған. Мекеме толық цифрландырылады. Қоймадағы операциялар, өнімді қаптау, сақтау және автоматіржол көлігіне тиіс жұмыстарын арнайы робототехника адамның қатысуынсыз жүзеге асырады. Ал ақпараттық технологиялық шешімдер мен корпоративтік есеп жүйелері бұл жұмысты мінсіз атқаруға септігін тигізеді.

Кәсіпорын өкілдері зауыттың барлық экологиялық талаптарға сай екенін атап өтті. Барлық зиянды қоспалардан тазартылған пропан алдымен пропиленге, кейін өндірістік тізбек бойынша полипропиленге айналады.

Бұл процестер барысында күкіртсутек, күкірттік ангидрид және хош иісті көмірсутек тәрізді зиянды заттар пайда болмайды.

Су пайдалану жағынан да экологиялық таза кәсіпорында технологиялық процестерге қажетті айналма сумен қамту жүйесі қолданылады.

Karabatan Utility Solutions ЖШС тазарту кондырғысының ағындарды толықтай тазалау және қайта пайдалану жүйесі есебінен суды пайдалану көлемі азайып келеді.

Мұнай-химия саласының ірі өкілі СИБУР компаниясымен жобаны жүзеге асыру бойынша қол жеткен стратегиялық серіктестік маңызды қадам болып табылады. Серіктес компанияның тәжірибесі мен құзыреті «ҚазмұнайГаз» компаниясына қазақстандық өнімді жаңа нарыққа шығаруға жол ашады.

Еліміздегі тұңғыш біріккен газ-химия кешенінің құрылысын жүзеге асыру мерзімі ұзаққа созылғаны белгілі. Дегенмен мұнай мен газды өндіріп қана қоймай, өндеп, экспорттауға ерекше жағдай жасау мақсаты қойылған ауқымды жоба өз қызметін бастады деп сеніммен айта аламыз. Бұның нәтижесін ел Тәуелсіздігінің 40 жылдығында толықтай көріп, ел экономикасына әсерін бағалайтын уақыт та келері сөзсіз.

**Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,**  
Атырау облысы



жоғары, экспортқа бағытталған өнімдерді шығару, өнеркәсіп салаларын әртараптандыруға арналған полимерлер өндірісі кешенін салу оңайлықпен

және «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен бюджеттен аспай отырып жұмыс қарқынын сақтап қалдық, — дейді «KPI Inc.» ЖШС басқарма төрағасының бірінші орынбасары Дамир Әшімов.

Кешеннің қуаттылығы — жылына 500 мың тонна полипропилен, бұл шикізат машина құрылысында, медицина мен электротехникада пайдаланылады, қаптама материалдарын өндіруге, ыдыстар, желілер, тұрмыстық электроника, халық тұтынатын тауарлар, бакша және кеңсе





# ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 ЖЫЛ

Биыл – ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. 1991 жылы 16 желтоқсанда әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Бұл тәуелсіздік – ата-баларымыз қанша ғасырдан бері аңсаған, армандаған азаттық еді. Жас мемлекетті барша әлем елдері мойындап, қолдау көрсетті. 30 жыл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-баларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Осы уақыт ішінде еліміз біраз қиындықты еңсеріп, дамуың даңғыл жолына түсе білді.



## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН ЖҰМСАДЫҚ

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтарға қордағы ақшаны баспана, емлеу және инвестициялық басқаруға беруге рұқсат етілді. Ресми ақпарат бойынша, маусымға дейін 16 мың адам зейнетақы қорындағы ақшаның көмегімен ипотека қарызынан құтылған. Алайда жаңа жылдан бастап қордағы ақшаны алу шарты өзгереді. Ол бойынша қорда міндетті түрде қалуы тиіс қаражат мөлшері шамамен екі есе ұлғаймақ.



## ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ – 2021

Парламент Мәжілісіне «Nur Otan» партиясы – 76, «Ақ жол» партиясы – 12, Қазақстан Халық партиясы – 10, Қазақстан халқы Ассамблеясына 9 мандат бөлінді. Сондай-ақ бұл сайлауда «Nur Otan» партиясы 71,09 пайыз дауыс жинаса, «Ақ жол» партиясы 10,95 пайыз дауыс иеленген. Сайлауға қатысқандардың 9,10 пайызы Қазақстан Халық партиясына дауыс беріпті. «Ауыл» партиясы – 5,29 пайыз, ADAL партиясы 3,57 пайыз дауыс жинаған. Биыл аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, ауылдық округтердің әкімдері тікелей сайлау арқылы сайланды. Ауыл әкімдерінің алғашқы сайлауы 25 шілдеде басталды. ОСК мәліметі бойынша, сайлауға 2 297 кандидат қатысқан.


## ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАУ БАСТАЛДЫ

Биылғы ақпан айында республика бойынша коронавирусқа қарсы жаппай вакциналау басталды. Екпе салу науқанының қарқынын арттыру үшін түрлі акция өткізіле бастады. Тіпті, кейбір аймақта екпе алғандардың арасында пәтер ойнатылды. Ұялы телефондар мен тұрмыстық техника таратылды.

Бүгінде вакцинаның екі бірдей дозасын алған қазақстандықтардың саны 8 миллионнан асты. Қазір республика бойынша ревакцинация басталған. Бала емізетін әйелдер мен 12 жастан асқан балаларға да вакцина салынып жатыр.



## ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ ҚЫСЫП, МАЛ ҚЫРЫЛДЫ



Биыл еліміздің бірнеше өңірінде жауын жаумай, жер құрғап, қуаншылық қысты. Әсіресе, Маңғыстау мен Қызылорда облысы қуаншылықтан қатты зардап шекті. Тіпті, құрғақшылықта қалған Арал ауданында төтенше жағдай жарияланды. Ресми мәліметке сенсек, Маңғыстау облысында 1 304, Қызылорда облысында 596 бас мал аштан қырылды. Қиналған жұрт малын аман алып қалу үшін шөбі болмаса да, қылтанак өсетін аймақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Құрғақшылыққа ұшыраған қос аймаққа құзыретті органдардан бұрын ел азаматтары тізгінді өз қолдарына алып, асарлатып азық дайындап, вагон-вагон шөп жөнелтті.

## ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Елімізде бұл науқан он жылда бір рет өтеді. Бұған дейінгі санақ 2009 жылы болған. Биыл 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілген науқан алғаш рет онлайн және офлайн форматта қатар ұйымдастырылды. Ұлттық халық санағының алғашқы нәтижесі бойынша, Қазақстан халқы 19 169 550 адамға жетті. Оның 48,71 пайызы – ерлер, 51,29 пайызы – әйелдер, 33,97 пайызы – 17 жасқа дейінгі балалар, 19,72 пайызы – 14-28 жас аралығындағы жастар. Сондай-ақ еліміздегі қазақтардың үлесі 70,18 пайызға жеткен.



## Air Astana Қазақстан мен шетелге ұшу жиілігін арттырды



17 желтоқсанда Air Astana Нұр-Сұлтаннан Дубайға ұшу жиілігін арттырып, аптасына 7 рейстің орнына 9 рейс орындап жатыр.

Сондай-ақ 25 желтоқсаннан бастап Алматыдан Коломбоға (Шри-Ланка) ұшу жиілігі ұлғайтылды. Енді Air Astana аралға дүйсенбі мен бейсенбіден басқа аптасына 5 күн ұшады.

Сонымен қатар жаңа жыл қарсаңында әуекомпаниясы Алматы мен Нұр-Сұлтан арасында қосымша рейстерді қосты. 30 желтоқсанда 2 рейс, ал 31 желтоқсанда 3 рейс енгізіледі.

## БАЙЗАҚТАҒЫ ЖАРЫЛЫС

Өкінішке қарай, өтіп бара жатқан жылды жұрт Байзақтағы жарылыстың жарасы арқылы жадында сақтап қалды. Есте болса, 26 тамыз күні кешкі уақытта Жамбыл облысының әскери бөліміндегі қоймалардың бірінде жарылыс болған еді. Салдарынан жалпы саны 17 адам қаза тауып, 100 шақты адам жаракат алды. Қаза тапқандардың ішінде азаматтық қорғау органдарының 10 қызметкері, Қорғаныс министрлігінің 6 әскери қызметкері және бір әскери прокурор бар. Тағы бір сарбаз әлі күнге іздестіріліп жатыр.

Қираған үйлер қалыпқа келді. Қаза тапқандардың жақындарына көмек көрсетілді. Екінші деңгейлі банктердегі несиесі кешірілді.

Дайындаған Жадыра МҮСІЛІМ



ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 2022 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНДА ШЫҒАДЫ

NJM  
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі –  
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ  
Бас редактор –  
Нұрмұхамед БАЙҒАРА  
Амангелді ҚҰРМЕТ –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары  
Гүлзина БЕКТАС –  
шығарушы редактор  
Асқар БЕК –  
веб-сайт редакторы  
Елдар ҚАБА –  
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК –  
Алматы қаласы  
Түрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ –  
Атырау облысы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Роза ШӨКЕН –  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ерқанат СӘРСЕНБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Азамат ҚАСЫМ –  
Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(7172) 72-95-39  
saidinova@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4053  
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қадырақов көшесі, 17-үй  
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114